Кест. 4.4: Карьерлік сүтөкпенің суын айдау жылдамдығы					
	Нөсер жауын	Қар еру	Жаз	Қыс	
Шығыс карьер учаскесі: ашық өндіру	1608	1152	504	Анықталған жоқ	м ³ /күн
Батыс карьер учаскесі: ашық өндіру	4032	2904	1248	Анықталған жоқ	м ³ /күн
Барлығы 1-саты	5640	4056	1752	0	м ³ /күн
Барлығы 1-саты	0,065	0,047	0,020	0	м ³ /сек
Шығыс карьер учаскесі: жерасты өндіру	4104	2832	1584	1080	м ³ /күн
Батыс карьер учаскесі: жерасты өндіру	11736	7776	4680	3432	м ³ /күн
Барлығы 2-саты	15840	10608	6264	4512	м ³ /күн
Барлығы 2-саты	0,183	0,183	0,073	0,052	м ³ /сек
Қайнар көз: «Жобаның Сипаттамасы» тарауының 3.11-кестесі					



Сурет 4.2: Кеніш суларын ағызу жобалау учаскесіндегі қабылдау арнасы

Ақбастаубұлақ бұлағының шегіндегі төменгі ағыс бойынша шахталық суды ағызу инфрақұрылымы келесіні қамтиды:

- Ағызу нүктесінен төменгі ағыс бойынша шамамен 200 м қашықтықта орналастырылған су жүргізу құбырын білдіретін кішкене өткел.
- Су ағызу учаскесінен төменгі ағыс бойынша шамамен километр орналасқан Ақбастаубұлақ бұлағының сол жақ жағлауындағы 9 га өңделетін жерлер. Ақбастаубұлақ бұлағының ағымдағы орта модулі жазғы уақыттарда 1 л/сек бастап 5 л/сек дейін құрайды (Геологиялық зерттеулер орталығымен орындалған Гидрометеорологиялық есептің 30-кестесі, 2014ж.), бұл ауданы 9 га болатын жер телімін суаруға жеткіліксіз. Бұдан басқа, суландыру каналдардың және сорғылардың жоқтығы, осы ауданда тәлімі егін шаруашылығы жүзеге асырылады дегенді білдіреді. Жаз маусымы вегетациясы уақытындағы топырақтың ылғалдылығы жауынның есебінен және кем дегенде көктемдегі жауған қардың еруімен, және бос жыныстар үйінділерінің оңтүстік жағалауынан еріген сулардың ағып жиналуының есебінен сүйемелденіп отырады. Еріген сулар Ақбастаубұлақ бұлағының арнасына құятын болады. Арнаның ағын суы жерді суару үшін жеткіліксіз.
- Оң жақ жағалаудағы мола ағызу нүктесінен төменгі ағыс бойынша шамамен 2,5 км құрайды.
- Ақбастаубұлақ бұлағының Қызылсу өзенімен қосылуынан, ағызу нүктесінен төменгі ағыс бойынша 4 км-де орналастырылған екі су жүргізетін құбырымен берілген шағын өткел.

- Ақбастаубұлақ бұлағы мен Қызылсу өзенінің қосылған аймағындағы екі су ағыны алқаптарымен сәйкес келетін батпақты жер, сол себептен оның негізгі су қайнаркөзін анықтау қиынға түседі.

Кенішті инфрақұрылымның, сонымен қатар Әуезов кентінің қазіргі уақыттағы бар шаруашылық-ауыз су сумен жабдықталуы Қызылсу өзеніндегі су қоймасының бетікі жағының(көршілес су жинау алаңында орналасқан) су бөгетінің есебінен жүзеге асырылады, сонымен қатар Қызылсу өзенінің алқабында (кеніштен солтүстікке қарай) орналасқан жерасты су бөгетінің есебінен жүзеге асырылады. Қызылсу су қоймасынан салынға жаңа су құбыры ағымдағы сумен жабдықтау көлемін арттырады деп болжалданып отыр. Арна бұру каналының құрылысын жүргізуден немесе кеніш суларын ағызу нәтижесінде су бөгеттерінің бірде-бірі зардап шекпейді.

4.4.2 Гидрологиялық деректер

Кеніш аумағының айналасындағы су нысандарындағы мониторингтеу желісі 4.3-қосымшаның WAI 4.8.1 сызбасында көрсетілген. Барлық қолда бар деректер ЭӘӘБ есебінің 4.8.2-тарауы «Су ресурстарының фондық жағдайында» көрсетілген, қосымша деректер . 4.5-кестеде берілген. Зерттеліп отырған аумақтың шегіндегі мониторингтеу нүктелеріндегі деректерді тіркеудің едәуір қысқа кезеңі және үлкен қадамын ескере отырып, ағын судың қайталану шамасының мәні, көршілес су жинау алаңдарында және теңдестіру жолымен зерттеліп отырған аумаққа тасымалданған су жинау алаңында орындалған ұзақ мерзім бойы мониторинг жүргізу деректерінің негізінде есептелген деп болжалданып отыр.

Жер беті суларының монитроингтеу нүктелері Бақыршық кенішінде 2004 ж. орнатылған. Есеп беру деректері, Ақбастаубұлақ (ГП25) және Қызылту (ГП18) бұлақтарының су бекеттерінде арна бұру каналының су қылдағышының жоғарғы ағысыбойынша және кеніш суларын ағызу нүктесінен орындалған, 10 жылға арналған (2004 ж. бастап 2014ж. дейін) ай сайынғы өлшеулерді қамтиды.

2015 ж. су ағынындағы су деңгейін және кеніш аумағының жанындағы жерүсті суларының сапасын бақылау үшін, жерүсті суларын мониторингтеудің 16 нүктесінен кеңейтілген желі ұйымдастырылды. Ағын бойынша кеніштен жоғары орналасқан Ақбастаубұлақ және Қызылту бұлақтарында, сонымен қатар осы бұлақтардың бірнеше оң жағажайлы ағындарында төрт мониторингтеу нүктелері орналастырылған. Аталмыш нүктелер бойынша су деңгейінің апта сайынғы нәтижелері берілген, ол 2014 ж. қараша айынан бастап 2015 ж. сәуір айына дейін орындалған.

Жоғарыда аталып өткен деректерден басқа, сонымен қатар Қызылсу өзені бойынша Остриковка ауылында жасалған гидрологиялық өлшеулердің 30 жылдан астам уақыттағы нәтижелері бар. Аталмыш гидробекет су жинау алаңында ұйымдастырылған, оның көлемі кеніштен жоғары ағыс бойынша су жинау алаңынан бірнеше есе артық.

Орта есеппен алғанда жыл сайынғы жауын-шашын мөлшері 335 мм құрайды, әлеуетті буланудың көлемі жылына 910 мм құрайды. Жауын-шашын мөлшері шілде, тамыз және қыркүйек айларындағы булану көлемінен артады, ол уақытта топырақтағы ылғал қоры толықтырылады. Жауын-шашындардың/жерүсті ағынының/жерасты суларының су ағынын толықтыруға қосқан жыл сайынғы үлесі келесідей үлестіріледі:

- Қардың еруі/жерүсті су ағыны - 54%
- Жерасты сулары – 37%
- Жауын/Жерүсті су ағыны – 9%

Кесте 4.5: Зерттелетін аумақ аясында ағын сулардың гидрологиялық сипаттамасы

Бекет №	Сипаттама	Су бөгетінің алаңы км ²	Ұзындығы, км	Су бөгеті алаңының орташа биіктігінің белгісі, м	Жарманың биіктік белгісі, м	Су ағынының ұзақ мерзімді орташа жылдамдығы, м ³ /сек	^A Жылдық саба кезеңіндегі 95% қамтамасыз етілуімен су ағынының жылдамдығы, м ³ /сек	0,5% қамтамасыз етілуімен жылдағы көктем және күз мезгілдеріндегі максималды ағын жылдамдығы, м ³ /сек	3% қамтамасыз етілуімен жылдағы көктем және күз мезгілдеріндегі максималды ағын жылдамдығы, м ³ /сек
1	Майранбастау бұлағыағы - саға	4,02	2,77	420	385	0,002	0,0004 кебу,қату	0,87	0,57
2	Холодный ключ бұлағы- саға	21,4	4,38	410	348	0,011	0,002 кебу,қату	3,17	2,06
3	Ақбастаубұлақ бұлағы - жоғарғы жарма	5,8	1,89	425	395	0,003	0,001 кебу,қату	1,28	0,84
4	Қызылту бұлағы - саға	7,14	3,46	440	395	0,004	0,001 кебу,қату	1,85	1,20
5	Ақбастаубұлақ бұлағы - Әуезов-Шалабай жолының алдында	15,7	5,7	420	360	0,008	0,002 кебу,қату	2,84	1,84
6	Ақбастаубұлақ бұлағы - саға	32,6	11,4	410	350	0,017	0,003 кебу,қату	4,54	2,96
13	Қызылсу-Шалабай өзені	1010	101	600	350	1,35	0,10	352	229

Ескертпе: ^A Жеке жылдары кеуіп қалуы және қатуы мүмкін

4.4.3 Гидрологиялық талдау

Арна бұру каналы

Жобалық арнаны бұру каналының өткізу қабілеті есепте арнаны бұру жобасы бойынша қарастырылады (4.5-қосымша). Арнаны бұру каналының жобалық су өткізу қабілеті, көктемгі су тасқыны кезеңінде 3% қамтамасыз етілуімен, ағынның жоғары жағында орналасқан су бөгет алаңының шығынын сыйғызуға есептелген. Зерттеліп отырған аумақта орналастырылған нүктелер бойынша судың жобалақ шығынын есептеудің бастапқы қайнаркөзі берілген жоқ. Дегенмен, арнаны бұру каналының $2,96\text{ м}^3/\text{сек}$ жобалық су өткізу қабілеті судың мәлімделген шығынына 3% қамтамасыз етілуімен, Ақбастаубұлақ бұлағы мен Қызылсу өзенінің қосылған жерінде сәйкес келеді (4.5-кестедегі №6 гидробекетті қара). №6 гидробекеттің су бөгет алаңы арнаны бұру каналының су кіргізу орнынан жоғары ағыс бойынша су бөгет алаңынан бес есе үлкен, ол №3 гидробекетке жақын орналасқан.

Арнаны бұру каналы жобасы бойынша есеп, арнаны бұру каналының төменгі ағысы бойынша Холодный ключ бұлағының су өткізу қабілетін есептеуді қамтиды. Онда арнаны бұру каналының төменгі ағысының бойымен орналасқан алты нүктедегі су деңгейін, ағын жылдамдығын және су шығынын бағалау берілген (4.2-қосымша – №4 сызбаны қара). Есептеу көктемгі су тасқыны кезеңі үшін жылдық 0,5% қамтамасыз етуімен жүргізілді. Жиынтық нәтижелер 4.6-кестеде берілген, олар қабылдаушы арнадағы су шығыны бұлақтарды бұру нәтижесінде екі есе артатындығын көрсетеді.

Қабылдаушы арна суының жобалық шығынының шамасы (Холодный Ключ бұлақ) арнаны бұру каналын талдау үшін №2 гидробекеттің өлшеу деректерінен алынған. Аталмыш гидробекет Холодный Ключ бұлағы мен Қызылсу өзенінің қосылу орнынан алыс емес жерде жабдықталған, оның су жинау ауданы шамамен, арнаны бұру каналының су жіберу жерінен жоғары ағыс бойынша су бөгеті алаңынан екі есе көп. Жылдық 0,5% қамтамасыз ету кезіндегі төменгі ағыс бойынша су деңгейіне арнаны бұрудың әсер етуін талдау, арнаны бұру каналының іс жүзіндегі су өткізу қабілеті жобалықтан ($2.96\text{ м}^3/\text{сек}$) асып кетуі мүмкін дегенді көрсетеді. Тәжірибеде өткізу қабілетін асырған жағдайдағы артық сулар арнаны бұру каналының су жіберу орнының жанында тоған түзетін болады немесе қоршаған аумаққа сіңіп кетеді. Нәтижесінде, Холодный Ключ бұлағына талдау кезінде қарастырылғанға қарағанда судың аз мөлшері келіп түсетін болады. Талдау нәтижелері Холодный Ключ бұлағы арнасының су өткізу қабілеті, ағымдық су ағынынан басқа арнаны бұру каналының да су ағынын сыйғызу үшін жеткілікті екендігіне көрсетеді.

Ақбастаубұлақ бұлағының орташа жылдық су ағынын зерттеудің нәтижелері (Кесте 4.7), арнаны бұру каналын салу нәтижесінде Ақбастаубұлақ бұлағының төменгі жағындағы шығын шамамен $0,008\text{ м}^3/\text{сек}$ төмендейтіндігі туралы ақтады (орташа жылдық көрсеткіш). Бұл Ақбастаубұлақ бұлағының бастауындағы жыл сайынғы шығынның жартысына дерлік шамасын құрайды ($0,017\text{ м}^3/\text{сек}$). Аталмыш шығын мөлшері Әуезов кентіндегі бар тазарту ғимараттарынан келіп

түсетін суды есептемейді деп болжалданады (пайдалану сатысындағы тазарту ғимараттарынан келіп түсетін судың болжалды көлемі бірінші кезеңде 45 м³/күнді және екінші кезеңде 122 м³/күнді құрайды). Егер өлкелік мәнмәтін туралы мәселені қарастырған жағдайда, онда Қызылсу өзенінің, оған Ақбастаубұлақ бұлағы құятын жерден алыс емес жердегі орташа жылдық шығыны 1,35 м³/сек. құрайды. Осылайша, Ақбастаубұлақ бұлағының шығыны Қызылсу өзенінің шығынынан бірнеше есе төмен, және Ақбастаубұлақ бұлағының су ағыны көлемінің арнаны бұру нәтижесіндегі жергілікті жоғалтулары өңірлік мәнмәтінде шамалы болып табылады.

Кесте 4.6: Ағынды бұру арнасынан ағыс бойына төмен ағын судың сипаттамасы						
Орналасқан жері	Бұлақ	Су ағынының жылдық қамтамасыз етілуі 3% (м³/сек)	Су ағынының жылдық қамтамасыз етілуі 0,5% (м³/сек)	0,5% қамтамасыз етілуі, су деңгейі (м)	0,5% қамтамасыз етілуі, Су ағынының жылдамдығы (м/сек)	0,5% қамтамасыз етілуі Жағажайдан жағажайға дейінгі су ағысының ені (м)
Холодный ключ	арнаны бұру каналының су шығаруынан ағын бойынша жоғары	2,06	3,17	р/н ^с	р/н ^с	р/н ^с
Қызылту және Ақбастау бұлақтарының	арна бұру каналдарының су шығаруы	2,96	4,54 ^б	р/н ^с	р/н ^с	р/н ^с
Холодный ключ	арнаны бұру каналының су шығаруынан ағын бойынша төмен	5,02	7,71	р/н ^с	р/н ^с	р/н ^с
^а 1-жарма	Холодный ключ	5,02	7,71	375,38	1,44	103,69
^а 2-жарма	Холодный ключ	5,02	7,71	373,40	1,33	0
^а 3-жарма	Холодный ключ	5,02	7,71	371,55	1,25	0
^а 4-жарма	Холодный ключ	5,02	7,71	354,15	1,18	0
^а 5-жарма	Холодный ключ	5,02	7,71	351,62	1,33	0
^а 6-жарма	Холодный ключ	5,02	7,71	349,48	1,41	0
Ескертпе: ^а орналасқан жерін WAI № 34 01 03 020 19 сызбадан қара. ^б аталмыш шығын арнаны бұру каналының жобалық су өткізу қабілетін арттырады. ^с б/ж – арнаны бұру қанылының жобасында ақпарат берілген жоқ және жарма бойынша деректердің жетіспеушілігінен бағалана алмайды						

Кеніш суын лақтыру

Ертеректе Ақбастаубұлақ бұлағында, оған кеніш суларын ағызу орнынан төменгі ағыс бойымен әсер ету талдауы жүргізілген емес. Су деңгейіне әсер етуін және ағыс жылдамдығына талдау жасау топографиялық деректердің жетіспеушілігінен орындау мүмкін емес, олардың көмегімен қабылдау арнасының кескінін анықтауға болатын еді. Алайда, кеніш суларын шығару шығыны су ағынын қабылдайтын арнаның өткізу қабілетінен аспайтын болатындығын, төменде сипатталғандай көрсетуге мүмкіндік болды. Әлеуетті әсерлерді бағалау 5-тараудың, 5.4.3-бөлімінде берілген.

Ақбастаубұлақ бұлағына ағызудың алдында кеніш сулары, ХҚК стандарттарының талаптарына сәйкес қажетті тазартудан өтетін болады (2-тарау 2.3-кесте), сол себептен су сапасына және су экожүйесіне жағымсыз әсер ету күтілмейді. Су экологиясын және Ақбастау бұлағы суының сапасын сипаттау, сәйкесінше 4.4.4 және 4.4.5 бөлімдерде берілген, арнаны бұру және кеніш суларын ағызудың әлеуетті әсер етуін бағалау 5-тараудың, 5.4.3-бөлімінде беріледі.

Ақбастаубұлақ бұлағының кеніш суларын ағызу орнының маңындағы табиғи ағынның шарттары арнаны бұру каналын тұрғызумен бұзылады, ол бос жыныстар үйінділерінің және кеніш суларын шығару учаскесінен жобалық алаңынан жоғары ағысы бойынша орналасатын болады. Арнаны бұру каналы бойынша шамамен 40% су жинау алаңының су бөгеті бұрылатын болады, ол кеніштен жоғары ағыста, Холодный Ключ бұлағының көрші су жинау алаңында орналасқан. Орташа алғанда шығын $0,008\text{ м}^3/\text{сек}$ қысқарады (орташа жылдық көрсеткіш).

Ақбастаубұлақ бұлағы, арнаны бұру орнынан төменгі ағыс бойынша жерасты суларының есебінен қоектенеді, бірақ жерасты суларын алдын ала модельдеу нәтижелері, карьерден су ағызу нәтижесінде кенішке жақын жерасты суларының көп бөлігі ұстап алынатындығын көрсетті.

Осылайша, бос жыныстар үйіндісінің оңтүстік қапталынан едәуір шағын су ағысын есептемегенде, Ақбастаубұлақ бұлағының табиғи шығын модулі кеніш суларын ағызу учаскесінің жанында жеткілікті түрде төмен болады. Табиғи шығын төменгі ағыс бойынша, Ақбастаубұлақ бұлағының ранасын қоектендіретін алаңның артуының есебінен артады. Қызылсу өзенімен қосылу орнында бұлақтың табиғи орташа жылдық шығыны $0,01\text{ м}^3/\text{сек}$ дейін артады. Бұл бағалау кеніш суларын ағызуды қамтымайды.

Кеніш суларын ағызудың ең үлкен көлемі жобаны іске асырудың екінші сатысында күтілуде. Жерасты өңдеулерді жыл бойғы су ағызу қажеттілігінің себебі бойынша, шахалық суларды ағызу көктемгі су тасуы және қар еруі кезінде, және қысқы саба кезеңінде немесе қату жағдайларында жүзеге асырылатын болады. 4.4-кестенің деректері, көктемгі қар еру кезеңіндегі шахталық суды ағызу $0,12\text{ м}^3/\text{сек}$ құрайды, ал қысқы айларда бұл шама $0,05\text{ м}^3/\text{сек}$ шамасында болады. Кеніш суларын ағызудың орташа жылдық шығыны $0,045\text{ м}^3/\text{сек}$ құрайтын болады.

Шахталық суларды ағызу уаскесінің және Ақбастаубұлақ қабылдау бұлағының су ағынының салыстырмалы модулін салыстыруды қамтитын гидрологиялық талдау нәтижелері Кесте 4.7 берілген, сонымен қатар аталмыш кестеде маусым бойынша су ағынының өзгеруі көрсетілген. Су бөгеті бойынша деректер келесіні көрсетеді:

- Шахталық суларды ағызудың орташа жылдық шығыны ($0,045\text{м}^3/\text{сек}$) Ақбастаубұлақ бұлағының қабылдау арнасының ағымдағы шығынынан ($0,008\text{м}^3/\text{сек}$) артатын болады. Арнаны бұру каналын салғаннан кейін, Ақбастаубұлақ бұлағының шахалық суларды шығару учаскесінің шегіндегі шығыны тәжірибе жүзінде нөлге дейін төмендейді.
- Қысқы саба кезеңінде шахталық суларды ағызу шығыны ($0,052\text{м}^3/\text{сек}$) Ақбастаубұлақ бұлағының қабылдау арнасының ағымдағы шығынынан артатын болады. Қыс айларындағы ауаның төменгі температуралары қабылдау арнасының қатуына алып келеді, бірақ шахталық сулар салыстырмалы түрде жылы болғандықтан, олар бірнеше уақыт бойын арнаның бойымен еркін ағатын болады, сыртқы ауа-райының жағдайларының әсерінен қатып қалмайынша.
- Көктемгі қар еру кезеңінде шахталық суларды ағызудың шығыны ($0,12\text{м}^3/\text{сек}$) Ақбастаубұлақ бұлағының ағымдық шығынынан төмен болады ($1,84\text{м}^3/\text{сек}$). Бұл шахталық суларды ағызудың шығыны Ақбастаубұлақ бұлағының оның төменгі ағысы бойынша су өткіз қабілетінен аспайды дегенді білдіреді, ол табиғи ағынның ағымдағы жағдайларымен сәйкес келетін болады.

Кесте 4.7: Шахталық суларды ағызу учаскесінен төменгі ағыс бойынша су ағынының сипаттамасы

Орналасқан жері	Бұлақ	Ағынның жылдық қамтамасыз етілуі 95% қысқы саба (м³/сек)	Ағынның жылдық қамтамасыз етілуі 3% Көктемгі су тасқыны (м³/сек)	Ағынның жылдық қамтамасыз етілуі 0,5% Көктемгі су тасқыны (м³/сек)	Орташа жылдық су бөгеті (м³/сек)
Ағызу учаскесінен жоғарғы ағын бойынан жоғары (арнаны бұрмастан жоғары ағыс бойынша) ^A	Ақбастау бұлақ	0,002	1,84	2,84	0,008
Ағызу учаскесінен жоғарғы ағын бойынан жоғары (арнаны бұру арқылы жоғары ағыс бойынша)	Ақбастау бұлақ	0	0	0	0
Шахталық суларды ағызу нүктесінен бастап (2-кезең)	Құбыржол	0,052	0,12	0,12	0,045
Ағызу учаскесінен төменгі ағыс бойынша, 5 гидробекет жанында (арнаны бұрмастан жоғарғы ағыс бойынша)	Ақбастау бұлақ	0,054	1,96	2,96	0,053
Ағызу учаскесінен төменгі ағыс	Ақбастау бұлақ	0,052	0,12	0,12	0,045

Кесте 4.7: Шахталық суларды ағызу учаскесінен төменгі ағыс бойынша су ағынының сипаттамасы

Орналасқан жері	Бұлақ	Ағынның жылдық қамтамасыз етілуі 95% қысқы саба (м ³ /сек)	Ағынның жылдық қамтамасыз етілуі 3% Көктемгі су тасқыны (м ³ /сек)	Ағынның жылдық қамтамасыз етілуі 0,5% Көктемгі су тасқыны (м ³ /сек)	Орташа жылдық су бөгеті (м ³ /сек)
бойынша 5гидробекет жанында (арнаны жоғарғы ағыс бойынша бұру арқылы)					
Ескертпе: ^A шахатылық суларды ағызу учаскесінен жоғары ағыс бойынша су бөгетінің алаңының су ағысы 5 гидробекеттегі нүктеде өлшенген ағысқа тең деп болжалданады. ^{4.3-кестесінде} –WAI 3.5 және 3.6 сызбалары.					

4.4.4 Су флорасы және фауна

2013 ж. шілдесінде су флорасын және фаунасының құрамын анықтау үшін кеніш аумағында және оның шегінен тыс жерлердегі ондаған нүкте бойынша зерттеулер және сынамалар жүргізілді (4.6-қосымша 1-сурет). Нүктелер Майранбастау бұлағындағы Шалғай карьердегі учаскені қамтыды, ол арна бұру каналының су шығаруынан шамамен бір километрде (сипаттама 4.6-қосымшаның 2.1-бөлімінде берілген). Загадка (Сороковая) карьердегі іздеулер Ақбастаубұлақ бұлағы мен Қызылсу өзенінің қиысу орнында орналасты, бірақ Ақбастаубұлақ бұлағының аңғарын қамтыған жоқ (4.6-қосымша 4-сурет). №5-6 карьерлер шегінде, оның координаттарына сәйкес, Ақбастаубұлақ бұлағының батысына қарай орналасқан, іздестірулер жүргізілген жоқ. Есептегі бұл жетіспеушіліктерге қарамастан, Ақбастаубұлақ бұлағының шегінде кеніштің жоғары ағыс бойынша өткізілген бақылаулар берілген.

Холодный Ключ/Майранбастау бұлақтарының (арна бұру каналының аңғарын қабылдайтын) және Ақбастаубұлақ бұлағының (шахатылқ су шығарындыларының аңғарын қабылдайтын) гидрофлорасы мен гидрофаунасы бойынша есептің жиынтықталған нәтижелері келесідей:

Холодный Ключ/Майранбастау бұлақтарында Дальний карьерінің су қоймасына құю сағасында арнаны бұру каналынан балықтардың бес түрі және шаян тәріздестердің екі түрі табылды, олардың ешқайсысы ТҚХО Қызыл тізімінде жойылып кету қауіпі төнген түрлер ретінде тіркелмеген, және төлтүр болып табылмайды:

- Зерттелген ауданда жоғары шаянтәрізділердің фаунасы нашар және екі отрядтан екі түрінқамтиды: Amphipoda (Көл бүйіржүзгіші *Gammarus lacustris* Sars) және Decapoda

(Ұзынсаусақты шаян *Astacus leptodactylus Eschscholtz*), олар ағын суда және су қоймаларынан табылды.

- Күміс мөңкесі (*Carassius gibelio*).
- Торпа (*Rutilus rutilus*) – зерттелген ауданда ең көп түр.
- Көкталма балығы (өзендегі) (*Phoxinus phoxinus*) – бұлақтарда ең көп мөлшерде кездеседі.
- Шабақ балық (*Gobio gobio*).
- Алабұға (*Perca fluviatilis*).

Ақбастаубұлақ бұлағында балықтардың бес түрі және шаянның бір түрі табылды. Ешбір түр сирек кездесетіндерге немесе төлтүрге жатқызылмайды:

- Көлдi бүйіржүзгіш шаяны (*Gammarus lacustris Sars*) – іздестірудің барлық аумағында кездесті.
- Күміс мөңкесі (*Carassius gibelio*) - Ақбастаубұлақ бұлағының жоғарғы ағысында және Дальний карьерінің су қоймаларында табылды.
- Көкталма балығы (өзендегі) (*Phoxinus phoxinus*) – бұлақтарда ең көп мөлшерде кездеседі.
- Қарабалық (*Tinca tinca*).
- Шабақ балық (*Gobio gobio*).
- Талма балық (*Barbatula toni*).

Тоғандардың альгофлорасы негізінен диатомды мен жасыл балдырлармен ұсынылған. Ең мол биосалмағы Қызылсу су қоймасы және Алаайғыр бөгеті сияқты органиканың мол түсуі бар әлсіз ағын сулы табиғи тоғандарына тән. Ең төмен көрсеткіштер карьерлердің тоғандарына тән.

Жоғарғы су флорасы гигрофильді және гидрофильді формаларымен қалыптасқан. Қамыс оңтүстікті, аил қоға, қияқ және шылыңдардың әр түрлі түрлері аса кеңінен таралған.

Зерттелген тоғандардың планктоны 35 түрін есептейді. Тоғандардың көбісінде коловраткалар, сирегірек, бұтақмұртшалы шаяндар басым болады. Көректіктің айырмашылығы органиканың түсуіне байланысты және β-мезотрофтыдан ультраолиготрофтыға дейін тоғандар бойынша түрлендіріп тұрады.

Есепте экожүйенің жағдайын бағалау үшін келесі түрлерді тарату мониторингі бойынша ұсыныстар берілген: жылғалықтар, көкталма балық, шабақ балық, талма балық, қос қанатты жәндіктердің және қарабалықтың дернәсілдері. Сонымен қатар балықтар үшін қабылдайтын с нысандарының ластану индикаторлары сияқты әртүрлі абберативті түрлердің пайда болуы ескеру ұсынылады.

4.4.5 Беткі сулар сапасы

Холодный Ключ және Ақбастаубұлақ бұлақтарының жақын орналасуы, сонымен қатар оларды аймақтарындағы жер пайдаланудың және геологиялық құрылым сипаттамаларының ұқсастығы екі су ағындарының сапаларының ұқсастығын а көрсетеді. Осылайша, Ақбастаубұлақ бұлағының аңғарын Холодный Ключ бұлағына бұру соңғысының суының сапасының өзгеруіне алып келеді.

Кенішті алдын-ала пайдалану кезеңінде шахталық сулар әдетте құбыржол арқылы қалдыққоймаға айдалады. Өндіргеннен кейін шахталық су Ақбастаубұлақ бұлағына ағып құятындығы туралы деректер бар.

Бос жыныстардың көптеген үйінділерінің су ағындары, теңгерілген кендердің қоймалары, сонымен қатар ашық немесе көмілген карьерлердің қоймаларын жерасты сулары қоректендіреді және салдарынан тау-кен өндірісінің сукеліміне қатысады. Сонымен қатар ЭӘӘБ жөніндегі есепте, карьерлік сулардың кен денесімен әрекеттесетіндігі туралы айтылады, ол айдалатын судың сапасына әсерін тигізеді, олар құрамы бойынша Қызылту су бөгетінің суынан ерекшеленеді.

ЭӘӘБ жөніндегі есепте (ЭӘӘБ 4.8.2-қосымша) 2012 және 2013жж. арналған кеніш суларының санасы туралы деректер келтірілген, сонымен қатар 2015 ж. Ақбастаубұлақ бұлағының сапасы бойынша деректер берілген (кесте 4.8 қайта жаңғыртылған). Деректер лақтырылатын шахталық суларда күшәннің, кадмий және сульфаттардың шоғырлануы ауыз суға белгіленген максималды рұқсат етілген көрсеткіштерден асатындығын көрсетеді. Сонымен қатар ауыз суға арналған күшән, кадмий, сульфаттар, марганец және нитраттардың максималды рұқсат етілген шоғырлануынан асу бірнеше мониторингті ұңғымалар бойынша жерасты суларында анықталған. Бұл фактілер кен денесі бар тереңде шөгілген жерасты суларының әрекеттерін растайды.

2015 ж., кеніш суларын лақтыру жүргізілмеген жағдайда, қабылдаушы су ағынындағы ластаушы заттардың максималды рұқсат етілген шоғырлануы тек кадмий бойынша артық болған. Бұл беткейлі аллювиалды су тұтқыш көкжиектің тұщы сулылығын растайды, ол жерасты суларының пьезметр көрсеткіштеріне сәйкес, беткі су нысандарын кем дегенде ішінара қоректендіреді.

Ақбастаубұлақ бұлақтары ауыз сумен жабдықтау қайнар көзі болып табылмайды, бірақ бұлақта аталмыш өлкеге лайықты өсімдік және жануар әлемінің даралары берілген. Тау -кен жобаларын іске асыру кезінде судың сапасын бақылау үшін ұсынылған қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы және денсаулықты қорғау мәселелері бойынша ХҚК ұсыныстары ең лайықты халықаралық стандарттар болып табылады (2-бөлімдегі 2.5.1-кесте) және мониторинг бойынша қолдағы бар жинақты толықтырады. Судың сапасын мониторингтеу кезінде, сонымен қатар сулы мекендеу жердің жағдайын бағалауды, биокритерийлерді қолдануға негізделген мониторингте бағдарламасын орындау арқылы өткізу қажет. Осындай бағдарлама су ағысы жүйелерінде іріктеп алынған балық түрлерін мониторингтеуді білдіреді. Балықтарды зерттеу жыл сайын судың сапасын анықтауға сынақ жүргізуге қосымша ретінде өткізуге кеңес беріледі.

Балықтарды қосымша зерттеу 2017 жылы арнаны бұру каналын аяқтағаннан кейін өткізілетін болады.

кесте 4.8: Беткі сулар сапасының көрсеткіштері				
Кеніш сулары			Ақбастаубұлақ бұлағының кеніштің төмен ағысындағы суы	
Параметрлері	Шоғырлану, 2012ж. (мг/л)	Шоғырлану, 2013ж. (мг/л)	РЕS5 Шоғырлану (мг/л)	РЕS6 Шоғырлану (мг/л)
Аммоний тұзы	0,185	0,11	0,15	0,16
Күшән	0,176	0,185	0,0256	0,0136
Кадмий	0,0071	0,0058	0,0012	0,0062
Хлорид	56,62	65,77	12,02	4,01
Мыс	0,008	0,0016	0,0013	0,0028
Фтор	0,4	0,37	0,80	0,74
Темір	0,034	0,037	0,061	0,042
Қорғасын	0,0007	<0,01	0,0003	0,0004
Марганец	0,018	0,031	0,091	0,004
Нитраттар	5,06	3,3	0,40	3,90
Нитриттер	0,027	0,0515	0,019	0,025
Мұнай өнімдері	0,04	0,1	<0,02	<0,02
Селен	0,0094	0,024	0,006	0,005
Натрий	99,9	97,05	99,0	95,5
Стронций	2,3746	0,76	2,173	1,703
Сульфаттар	556,2	566,25	60,1	44,9
Мырыш	0,0052	0,013	0,0016	0,0022

4.5 Әлеуметтік экономикалық аспектер

Аталмыш бөлімде Жобаның әлеуметтік фондық деректеріне қатынасы бар «олқылықтар» жөнелтілген, жеке алғанда, мұнда жергілікті балықшыларға сұрау жүргізу нәтижелері берілген және ЭӘБ-нің бір тарауында қозғалған жерлерді сатып алу үрдісінің проблемалары қарастырылған.

4.5.1 Жергілікті балықшылардың пікірін сұрау

Полиметалл, Ақбастаубұлақ бұлағында аңғарды бұрудың жоспарланған учаскесінен жоғары немесе төмен балық аулаудың жүргізулі-жүргізілмесін анықтау үшін, 2016ж. жергілікті балықшылар арасында сауал жүргізді. Жалпы күрделікте 6 балқшыдан сауал алынды. Барлық

сауал алынғандар Әуезов кентінің ер азамат тұрғындары болды, орташа жас ерекшелігі 47 жасты құрады.

Сауал алынғандар Қызылсу өзенінде балық аулайды (барлығы), сонымен қатар Алағайыр су қоймасында (1 адам) және Қызылсу су қоймасында (1 адам). Сауал алушылар айына екі немесе үш рет балық аулайды, барлық ауланған балықты өзінің жеке қажеттілігіне пайдаланады (сатпайды). Су қоймаларында тұқыларды (Cyprinidae тұқымдастығы), алабұғаларды (Perca түрін), шортандарды (Esocidae тұқымдастығы) және шабақ (*Rutilus rutilus lacustris*) аулайды.

Пікірі сұралған балықшылардың алтауы да өздерінің Ақбастаубұлақ бұлағында балық ауламайтынын растады.

4.5.2 Жерлерді сатып алу және ерікті түрде көшу.

Аталмыш бөлімде Жоба бойынша жер сатып алу барысының толығырақ түсінігі берілген.

Шолу

Ресми құжаттарда Полиметаллмен Социалистическая көшесінде орналасқан 27 үйдің отбасылары көшірілген деп көрсетілген. Жерді сатып алу жөніндегі келіссөздер жүргізу үрдісі аяқталды, барлық қажетті шарттар жасалды. Тұрғындар сатып алынған мекенжайларды босатуы тиіс шекті мерзімі 2016 жылдың 1 мамырында аяқталғандықтан, барлық тұрғындар әлдеқашан көшірілген, өтемақылар төленген, ал үйлер құлатылған. WAI-ға барлық құжаттардың құлатылғандығын растайтын ресми құжаттар табысталды, құжаттардың деректері Полиметаллдың көруге қатысты есептілігіне сәйкес келеді (көшірілетін жеке қоныстардың тізімін, көшіру үрдісінің өткізілу сипатын және үйлерді құлатудың кестесі 4.7-қосымшадан қара)

Ерікті көшіру

№5 жобаны іске асырудағы ЕҚДБ талабына сәйкес «Жерлерді сатып алу, мәжбүрлеп көшіру және экономикалық орын ауыстыру», қозғалатын тұлғаларды жерді сатып алудан бас тарту құқығы болмағанда немесе жерді пайдалану бойынша шектеулер пайда болған жағдайда көшіру еріксіз деп саналады, бұл нәтижесінде ығыстыруға алып келеді.

Жобалаудың ертерек кезеңінде карьерді оңтайландырғанға дейін санитарлық-қорғау аймағының шекарасы өзінің құрамына Социалистическая көшесіндегі үш үйді қамтыған. БГП-мен СҚА жақын орналасқан көшелердегі 27 жеке қонысты көшіру процесі бастама алды. Жобаның даму барысында карьердің жобалық контуры кентке қарама-қарсы жаққа ығыстырылған, сәйкесінше СҚА шекарасы ауыстырылған. Аталмыш мәнмәтінде Қызыл Жобасындағы көшіру процесін ерікті деп санауға болады, себебі СҚА шегінен тыс мекендейтін барлық қозғалған тұрғындар өз үйлерін сату нұсқасын таңдап алды, Полиметалл оларға

осындай мәселемен жүгінген кезде, және жиналыстарда Полиметалл өзінің көшіру қажеттілігін болдырмау үшін, кеніштің жоспарын өзгертуге ниеттенетіндігін білдірді. Ақпараттандырған келісім Жобаның нәтижесінде ығыстырылған барлық 27 отбасынан алынды.

Көшіру процесін қысқаша баяндау.

Полиметалл 2014ж. қазан айында әлеуетті қозғалатын отбасылардың шағын тобымен бірінші жиналыс өткізді. Аталмыш алдын-ала жиналыстың мақсаты тұрғындарға кеніш жоспарының тұжырымдамасын және жерлерді сатып алу жөніндегі әлеуетті талаптарды түсіндіру болды. Аталмыш кезеңде Полиметаллмен тағы да әлеуетті қозғалатын отбасылардың жерлерін және үйлерін сатып алу туралы шешім қабылданды, әсерге түсетін барлық тұрғындардың пікірін ескеру үшін кеніштің жоспарына өзгерістер енгізу туралы мәселе қарастырылды. Жиналыс нәтижесінде барлық тұрғындар өздерінің жылжымайтын мүліктерін келісімді мәміле арқылы сатуға шешім қабылдады, сол себептен бұл көшіру процессін ерікті деп санауға болады.

Кейінгі келіссөздер барысында Полиметалл басшылығы тұрғындарға жағдайды өрбітудің екі нұсқасын ұсынды: а) тұлғалық көшіру (Полиметалл ұсынған басқа үйлерге көшу) және б) тұрғындардың үйлерін Полиметаллдың сатып алуы. Барлық отбасылар өз жылжымайтын мүліктерін тікелей Полиметаллға сату туралы екінші нұсқаны таңдап алды.

Екінші жиналыс 2014 ж. желтоқсан айында жеке қозғалған тараптармен үйлердің және оларға жжанасатын жер телімдерінің, ауладағы қора-қопсыларды және басқа да құрылыстарды қоса алғанда, жай-күйін тексеру үшін, олардың құнын бағалау мақсатында өткізілді. Жеміс ағаштары мен бау-бақша екпелері бағалауға енген жоқ. Қозғалған отбасылардың мүшелерімен өткізілген үшінші жиналыс 2015 ж. қаңтар айында, бағаны талқылау және мәмілені өткізу шарттарын талқылау үшін жүргізілді. Барлық өткізілген жиналыстар құжат тұрында рәсімделді, нәтижелері зерттелді және жиналыс қатысушыларымен келісілді.

Полиметалл жерлерді сатып алу және ерікті көшіру процестерін іске асыру сызбасын құрастыру үшін көшіру рәсімі әзірленді. Көшіру рәсімінде жерді сатып алудың жалпы қағидаларының, тәсілдері мен үрдістеріні бірізді және бірыңғай сипатталды.

Жерді сатып алу процесі 2014ж. қазан айынан бастап 2016ж. тамыз айына дейін жүзеге асырылды, ол кезде үйлер құлатылды, және мәмілелер бойынша барлық шарттар жабылды. Социалистическая көшесінің бойындағы барлық тұрғындарға сатып алынған үйлерді босатуға ақырғы мезгіл (2016 жылдың 1 мамыры) берілді, аталмыш күн шарттық құжаттамада көрсетілді. Кейбір тұрғындар өз үйлерінде 2016 ж. мамыр айына дейін қалды, және/немесе көшуді жоспарлау және жүзеге асыру үшін отбасының және достарының көмегі қажет болды.

Барлық мәмілелер бойынша ресми шарттар жабылды, Жоба үшін кейінгі сатып алу талап етілмейді. Барлық сатып алынған үйлер 2016 ж. маусымына таман жерді өңдеуді бастау мақсатында құлатылды.

4.6 Биоәртүрлілік

ЕБРРосымша фондық зерттеулер ЭӘӘБ үшін фондық деректер қайнаркөздерінің айырмашылығын анықтауға тоғыстырылды, жеке алғанда - бірінші және екінші реттік деректер арасындағы айырмашылықтарды шектеу үшін. Аталмыш жұмыстың басқа негізгі тапсырмасы ретінде жобалау алаңының айналасындағы биологиялық әртүрлілік бойынша қолдағы бар ақапараттардағы «олқылықтарды» жабу, оларды жобаны іске асыруға қойған ЕҚДБ талаптарымен сәйкестендіру (ІТ6 - Биологиялық әртүрлілікті сақтау және тірі табиғи ресурстарды тұрақты басқару), сонымен қатар сенница-тулия көбелегі және жыртқыш жыл құстары бойынша фондық деректерді толықтыру болды. Аталмыш бөлімде қосымша фондық деректер берілген, биоәртүрлілікке әсер етуін бағалауды талдау және осы әсерді жеңілдеті бойынша шаралар берілген, олар Ақбастаубұлақ бұлағының оның төменгі ағысы бойынша Қызылсу өзенімен қиысуға дейінгі биоәртүрлілігіне шоғырланған.

ЕҚДБ ІТ 6 сәйкес Жобаның әсеріне түсетін ешбір аумақ келесілерді қамтитын «биоәртүрліліктің бастамшы параметрлеріне» жатқызылуы мүмкін емес:

- (i) Жойылу қаупінде тұрған мекен етудің таралу аймағы;
- (ii) Қолайлы жерлер;
- (iii) Қызығушылық танытқан тараптардың кең шеңберімен немесе мемлекетпен анықталған биоәртүрліліктің маңызды параметрлері (биоәртүрліліктің негізгі аумақтары және маңызды орнитологиялық аумақтар сияқты);
- (iv) Биоәртүрліліктің бастамшы параметрлерінің өмір қабілетін қолдау үшін қажетті экологиялық құрылым және атқарымдар.

Биоәртүрліліктің бастамшы параметрлері ЕҚДБ-мен биоәртүрліліктің құраушы құрамы ретінде анықталады, ол ерекше алмастырылмайтын немесе осалдаулығымен, бірақ сыни маңызды мекендеу аймағына қарағанда маңыздылықтың төменірек деңгейі бар ретінде сипатталады.

4.6.1 ЭӘӘБ үшін фондық деректер көздері

Биоәртүрлілік бойынша ЭӘӘБ-де берілген фондық деректер бастапқыдан (WAI учаскесінен немесе басқа кеңесшілермен жинап алынған) және екінші реттік (камералдық зерттеулер) қайнаркөздерден алынған.

Жобалау алаңында дала ізденсітерінің топтамасы орындалған. (4.9.2-кестеде тменді қара). Ізденістер дифференциалды учаскелер бойынша өткізілді, сынамаларды іріктеп алу тәртібі зерттеліп отырған таксонометриялық топтардан таңдап алынды. Пайдаланылған әдістемелердің қысқаша сипаты ЭӘӘБ-нің 4.9-бөлімінде келітірілген, онда әрбір таксонометриялық топтар бойынша фондық деректер берілген. Ізденістер Жобаның зерттеліп

отырған аумағында өткізді, ол Жобаның өзінің астындағы алаңды, сонымен қатар бұзылуға, ластануға және Жобаның басқа әсеріне ұшырауы мүмкін учаскелерін қамтиды.

Кесте 4.9: Өткізілген экологиялық зерттеулер	
Күні	Ізденістер
Күз 2010 г.	Әдебиетті шолу
	Алдын-ала зерттеу - сүтқоректілер
	Алдын-ала зерттеу – құстар
	Алдын-ала зерттеу – бауырымен жорғалаушылар
	Алдын-ала зерттеу – қосмекенділер
	Геоботаникалық өрістік зерттеулер
Маусым 2011 ж.	Әдебиетті шолу
	Ұялайтын құстарды зерттеу
	Жаяу жол бағдарлы есебі - сүтқоректілер
	Жаяу жол бағдарлы есебі - рептилиялар
	Жаяу жол бағдарлы есебі - қосмекенділер
	Жаяу жол бағдарлы есебі - омыртқасыздар
	Балықшыларға сауалнама жүргізу - балықтар
Қыркүйек-қазан 2011ж.	Қосымша орнитологиялық зерттеу – күздік көші-қон.
2013 жылғы шілде	Дала ізденістері - су экологиясы
2013 жылғы шілде	Дала ізденістері - құм кесірткесінің популяциясы
2013 жылғы шілде	Әдебиетті шолу және өрістік зерттеулер – омыртқасыз жануарлар

Дала ізденістерін өткізу кезеңінде жобалау алаңында бүркіт (*Aquila chrysaetos*) және сенница туллия көбелегі (*Coenonympha tullia*), берілген дара түрлер өңірде кездесетіндігіне қарамастан байқалған жоқ.

4.6.2 Сенница -туллия көбелектері және жыртқыш жыл құстары бойынша фондық деректер толықтырулар.

Жыртқыш жыл құстары

2010 ж. бастап 2016 ж. дейінгі кезеңде және одан тыс жерлерде құстарды зерттеу сериясы орындалды (4.2.2 -кесте).

Кес. 4.10: Құстарды зерттеу	
Күні	Зерттеу
Күз 2010 г.	Әдебиетті шолу және алдын-ала зерттеу.
Маусым 2011 ж.	Құстарды, соның ішінде ұя салатын құстарды

Кес. 4.10: Құстарды зерттеу	
Күні	Зерттеу
	зерттеу
Қыркүйек-қазан 2011ж.	Орнитологиялық дала зерттеулері
Тамыз 2016	Орнитологиялық дала зерттеулері - бүркіт

2011 ж. 1 қазанында жаңа жобаланған қалдыққойма аумағында өте үлкен биіктікте қалықтап ұшып жүрген бір бүркіт (*Aquila chrysaetos*) байқалды. Аталмыш дара түр Қазақстанның Қызыл Кітабына сирек түр ретінде (III санат) енгізілген, дегенмен ТҚХО Қызыл тізімінде бүркіт «ең төмен қауіпті тудыратын» түрге жатқызылған. Бүркіт Жоба аумағында ұя салмайды, сол себептен осы түрдің ұя салатын құстары жобаның әрекет ету аумағындағы жерлерді алу әрекетіне түспейді.

2016 жылдың тамыз айында Жоба аумағындағы, ашық карьер аумағында 22 кеспеөлшем жіне 12 бақылау орнын орналастыру арқылы, санитарлық-қорғаныс аймағында және буферлі аймақта орнитологиялық зерттеулер нәтижесінде, дала қыраны байқалды (*Aquila nipalensis*). Қыран СҚА және Әуезов кентінің шегінде байқалған. Аталмыш дара түр Қазақстанның Қызыл Кітабына және ТҚХО Қызыл тізіміне енгізілген (жойылып кету қауіпі бар түр ретінде). ЭБЖ бойымен СҚА шегінде ұзақ қалдықтары және болжалды жыртқыш құстың қалдықтары табылды.

Құзыретті шақырылған сарапшылармен орындалған бағалаудың нәтижесінде (жергілікті тұрғындардың аймақтағы жыртқыш құстардың болуы туралы әлеуметтік сауал деректеріне иелік еткен), СҚА шегінде жыртқыш құстардың ұялары табылған жоқ. Сарапшылар Жобаның аумағында ЕҚДБ ІТ6 анықтамасына сәйкес мекендеудің сыни маңызды таралу аймағы жоқ. Сонымен қатар бағалау нәтижесінде, Жобаның әсеріне түсетін мекендеу аймағы ЕҚДБ ерекшеленген басты ерекше белгілермен сипатталмайды, оларға жататындар:

- (i) Жоғары қауіпке түсетін немесе бірегей экожүйелер (2016ж. тамызында өткізілген қосымша зерттеулермен бекітілген фондық зерттеулер нәтижелері, Жобаның әсер ету аумағында жоғары қауіпке түскен немесе бірегей экожүйелер берілмеген);
- (ii) Жойылып кету қауіпі немесе өте қатті қауіпі бар түрлер үшін өте маңызды мәні бар аймақтар (фондық зерттеулер нәтижелері Жобаның әсер ету аумағында қауіпке немесе жоғары қауіпке түскен мекендеу аймағы берілген жоқ екендігін растайды);
- (iii) Төлтүрлерге немесе шектелген географиялық таратылу бар түрлер үшін маңызды мәні бар аймақтар (фондық зерттеулер нәтижелері Жобаның әсер ету аумағында қауіпке немесе жоғары қауіпке түскен мекендеу аймағы берілген жоқ екендігін растайды);
- (iv) Қолдағы бар әлемдік мәні бар көшіп-қонатын немесе үйірлі түрлерді қолдайтын аймақтар (фондық зерттеулер нәтижелері СҚА шегінде және оны қоршаған аймақта маңызды көшіп-қонатын немесе үйірлі түрлер берілмеген екендігін растайды);
- (v) Басты эволюциялық процесстермен байланысты жерлер (фондық зерттеулер нәтижесінде мұндай орындар анықталған жоқ);

- (vi) Биоәртүрлілікті қолдау үшін өте маңызды болып табылатын экологиялық атқарымдар (фондық зерттеулер нәтижесінде мұндай атқарымдар анықталған жоқ).

Сенница-туллия көбелегі

2013 жылдың шілде айында орындалған омыртқасыздарды зерттеуге Жобалау алаңында сенница-туллия көбелегінің (*Coenonympha tullia*) болуы бойынша қосымша деректер жиналды. Зерттеу барысында көбелектің осы түрі Жобаның аумағында табылған жоқ. Көбелек буферлік аймақ шегінде (кеністің инфрақұрылымынан 5км қашықтықта) және СҚА төменгі бөлігінде өнеркәсіптік алаңнан 2 км қашықтықта байқалды. 2011 ж. алдын-ала зерттеудің нәтижесінде сенница-туллия табылған жоқ. 2016 жылдың тамыз айында орындалған зерттеудің нәтижесінде (4.6-қосымшаны қара), сенница-туллия жобалау алаңының шегінде де байқалды. Анықталған көбелектердің саны маңызды емес болды. ТҚХО Қызық тізіміне сенница-туллия кірмейді, дегенмен Қазақстанның Қызыл кітабында және еуропалық көбелектер түрлерінің Қызыл Кітабында III санатпен «осалдау» түр ретінде тіркелді. Екі зерттеудің нәтижелерінің негізінде келесі тұжырым жасауға болады: Жобаның аумағы талқыланып отырған көбелекке жарамды болғандығына қарамастан, оның осы алаңдағы болуы расталай отыр, сол себептен жобалау алаңы сенница-туллия көбелегінің сыни мекендеу аймағы болып табылмайды (ІТ6 анықтамасы бойынша, сонымен қатар жобалау алаңы биоәртүрліліктің бастамшы параметрлерін қамтымайды (ІТ6 анықтамасы бойынша). 4.6-қосымшада юберілген екі зерттеудің де нәтижелері, сонымен қатар ЭӘБ үшін орындалған фондық зерттеулер нәтижелері, жобалау алаңын қоршап жатқан ұқсас мекендеу ортасы әтрүрлі шөптесін далаға да тән екендігіне көрсетеді. ЭӘБ үшін орындалған фондық зерттеулер барысында, сенница-туллия популяциясы көршілес мекендеу орындарында белгіленді, олар ЭӘБ-нің 3-тарауында сипатталған тау-кен жұмыстарының әсеріне түспейді.

2016 жылдың итамызында орындалған фондық зерттеулер бойынша есепте (4.6-қосымша) жобалау алаңында шекті мөлшерде Сенница эдип (*Coenonympha oedippus*) түрі берілген. Аталмыш түр ТҚХО Қызыл тізімінде жойылып кетуге жақын түр ретінде берілген. ЭӘБ фондық зерттеулері жөніндегі есептің ішінде (4 тарауды қар.) осы түрінің аса кең аумақтарда бар болуы туралы ақпарат бар.

Жобаның аумағында сенница эдип және сенница-туллия көбелектері үшін биоәртүрліліктің басымдықты параметрлері (ЕҚДБ ТҰ 6 анықтамасы бойынша) ұсынылған жоқ. Сенница эдип көбелегі өте аз санында табылды, ал бұрынғы зерттеулердің нәтижелері осы түр аса кең аумағында ұсынылған деп көрсетеді. Бұл Жобаның аумағы осы даралар үшін шектік мекендеу алаңы болмағанын білдіртеді. Сенница-туллия көбелегі де жобалық аумаққа іргелес аумағында белгіленген, бұл осы тарауда ертерек ұсынылған ЕҚДБ анықтамасы бойынша жобалық алаңда биоәртүрлілігінің басымдықты параметрлерінің жоқтығын көрсетеді.

4.6.3 Ақбастаубұлақ бұлағының айналасындағы биоалуантүрлілік бойынша қосымша фондық деректер

Ақбастаубұлақ бұлағының айналасындағы фондық экологиялық зерттеу «Жабайы табиғат зертханасы» РАТО экологтарымен жүргізілген, оның нәтижелері бойынша есеп WAI (4.6 қосымша қар.)тапсырып берілген. Зерттелген алағның бұлақтарында сүліктердің жалғыз (*Eprobella octoculata*) түрі табылғаны, сондай-ақ (*Notonecta glauca*) сушалқақтарды және (*Notonecta glauca*) қандалаларды қоса су жәндіктердің кейбір түрлері белгіленгені туралы ескертіледі. Ақбастаубұлақ бұлағының бөгеулері бірінің шығуында 1995 жылы (*Tinca tinca*) қарабалықтың жас дараларын аулауға болатын деп ескертіледі. Жұмыстардың нәтижелері бойынша Ақбастаубұлақ бұлағында және оның айналасында сирек кездесетін немесе жойылу қауіпінде болып табылатын флора мен фаунаның түрлері жоқ деп қорытынды шығарылды.

4.6.4 Қорытынды.

Биоәртүрлілік бойынша фондық деректері далалы зерттеулер арқылы, сондай-ақ мүдделі тараптармен және шақырылған сарапшылармен кеңесу процессінде WAI-мен жиналған болатын. Тәуелсіз сарапшылар жобаның аумағында әлсіз даралардың немесе шектік мекендеу алаңдарының бар болуына/жоқтығына анық көз жету үшін жалданған болатын. Қорытындылар және кейінгі жұмыстардың сипаттамасы төменде кестеде көрсетілген. 4.11.

ЕҚТБ ТҰ 6 сәйкес биоәртүрлілігінің аса сезгіш параметрлері шектік мекендеу алаңдары ретінде анықталады және қамтиды:

- (i) Жоғары қауіп төніп тұрған немесе бірегей экожүйелер;
- (ii) Қауіп төніп тұрған немесе жойылу қауіпі бар түрлері үшін маңызды мәні бар алаңдары;
- (iii) Эндемиялық немесе түрлердің географиялық тұрғыдан таралуының шектелуі бар түрлер үшін маңызды мәні бар алаңдар;
- (iv) Әлемдік маңызы бар көші қон ауыстыратын немесе топ түрлерін қолдайтын алаңдар;
- (v) Негізгі эволюциялық үдерістермен байланысты жерлер;
- (vi) Жоғарыда (i)-(v) сипатталған биоалуантүрлілік параметрлерін қолдау үшін аса маңызды болып табылатын экологиялық функциялар.

Осы мәнмәтінде жобалық аумағы осы анықтамаға тап келетін мекедеудің бір де алаңын қоспайды. Жобалық аумақта сенница-туллия көбелегі мен дала бүркіті белгіленген болса да, ұқсас алаңдар шеқарадан алысқа асып, көрші аймаққа жайылады.

Мекендеудің ешбір орнының шектік маңызы жоқ және дүниежүзілік маңызы бар көшіп қонатын даралардың саны жоқ деп сипатталады. Жобалау учаскесінде жойылып кету қауіпі бар және/немесе бірегей экожүйелер берілмеген, сонымен қатар жергілікті тұрғындарға маңызды әлеуметтік, экономикалық және мәдени маңыздылығы бар экожүйелер берілген. Сонымен қатар мұнда басты эволюциялық процесстермен байланысты учаскелер жоқ. Осылайша «шектік мекендеу ортасы» ұғымы (ТҰ 6 анықтамасы бойынша) Жобаның әсер ету аумағындағы өсімдік және жануарлар әлеміне пайдалануға жарамды емес. 2016 жылдың тамыз айында орындалған қосымша орнитологиялық зерттеулердің нәтижесінде, берілген құстар түрінің жиынтығын зерттеу негізінде (4.6-қосымшаны және ЭӘӘБ 4-тарауын қара) Жобаның әрекет ету аумағында берілген мекен ету аймағы құстар үшін орташа маңыздылығы бар екендігі белгіленді. Осы себептен, аталмыш мекен ету ортасы ТҰ6 анықтамасы бойынша әртүрліліктің бастамшы нысандарына жатқызылмайды.

2016 жылды орындалған лепидоптерофаунаны зерттеу нәтижесінде, Жобаның әсер ету аумағынан тыс жерде бірдей дәрежеде берілмеген органикалық жарамды мекен ету аймағының бар-жоғы белгіленген. Осында сенница эдип көбелегінің ерекше түрі (*Coenonympha oedipus*) табылғандығына қарамастан, олар осалдар санатына жатпайды және биоәртүрліліктің бастамшы нысандарының анықтамасына түспейді. Сонымен бірге, Жобаның әсер ету аумағының маңайында көптеген ұқсас мекен ету аймақтары бар, олар сенница-туллияға және сенница эдипке де жарамды болып табылады (ЭӘӘБ-нің 4-тарауын қара). Аталмы популяциялар жобаның әсер ету аумағының шегінде анықталды және сол себептен тау-кен және көмекші жұмыстардың жағымсыз әсеріне түспейді (ЭӘӘБ-нің 5-тарауын қара).

Қызыл Жобасының биоәртүрліліктері параметрлерінің тиісті аспектілері ІТ6 салыстырғанда жалпыландырылды, нәтижесінде сыни мекен ету аймағына және биоәртүрліліктің бастамшы параметрлеріне қатысты ешбір кейінгі әрекеттер талап етілмейді.

Кесте 4.11 6 жобаларын жүзеге асыруға ЕҚДБ талаптарында көрсетілген, биоәртүрліліктің басым параметрлері мен мекендеудің қатерлі таралу аймағын анықтауға сәйкес, Қызыл Жобасының биоәртүрлілігі параметрлерінің аспектілері				
ЕҚДБ ІТ6 сәйкес шектік мекендеу алаңы (2014) параграф 14 ⁵	Анықтаулар/мысалдар	ЕҚДБ ІТ6 сәйкес биоәртүрліліктің бастамшы параметрлері (2014) параграф 12	Қызыл жобасындағы биоәртүрліліктің фондық зерттеулері және тиісті аспектілер	Қажетті іс-шаралар
(i) Жоғары қауіп төніп тұрған немесе бірегей экожүйелер	<p>Аумақты қысқарту қаупінде тұрған немесе сапасының төмендеуіндегі; шекті алаңы бар; және/немесе шектелген биом дара түрлерін қолдаушы экожүйелер. Мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ТҚХО экожүйелерінің Қызылы тізіміне енгізілген, немесе қауіпті немесе сын жағдайда тұрған қағидаларға жауап беретін экожүйелер. - НСПДБ сияқты, ресми аймақтық немесе ұлттық жоспарлардың бастапқылық деңгейінде қатысты алаңдар - Академиялық институттар және/немесе басқа сәйкес құқылы ұйымдармен дәлелденген (халықаралық дәлелденген ҮЕҰ қоса) үкіметтік органдармен орындалушы, табиғатты қорғау жүйелік жоспарлау 	(i) Қауіп төніп тұрған таралу аймақтары	<ul style="list-style-type: none"> - Фондық зерттеулер нәтижесінде, жоба алаңдарының табиғи аймақтарында, бұзылатын аймақтарда, жоғары қауіп астында тұрған айрықша экожүйелер немесе экожүйелер ұсынылмайтындығы анықталды. - Жоба алаңында ескі өнідіріс нысандары бар, және тарихи тұрғыдан қарағанда жобаның пайдалану басталмас бұрын осы аумақ, Қазақстанда биоалуантүрлілікті сақтау үшін жоғар бастапқы/маңызды учаскелердің қатарына жатқызылмаған. 	Алдағы уақытта шараларды қажет етпейтді

⁵ ЕҚДБ Әдістемелік ұсыныстарынан басқаша айтылады | Биологиялық әртүрлілікті сақтау және тірі табиғи ресурстарды тұрақты басқару

	негізінде приоритетті/маңызды деп танылған алаңдар			
ii) қауіп төніп тұрған немесе жойылу қауіпі бар түрлердің маңызды мәні бар аймақтары	<p>Жойылудың қауіпі төніп тұрған МСОП, түрлердің қызыл тізіміне сәйкес, жойылудың жоғары қауіпі бар жеке түрлерді қолдайтын, аумақ (сын жағдайда немесе жойылу қауіпі төніп тұрғандар). Мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Нөлдік жойылу үшін Альянс тізімінде тұрған аумақ • Мекен ету ортасы мен жабайы флора мен фаунаны сақтау туралы, ЕС директивасының тізіміне енгізілген Қатаң қорғауға зәру, қоғамдастықтарға тиесілі өсімдіктер мен жануарлардың түрлері (Қосымша IV). 	(ii) осал түрлер	<p>Деректерді камеральды тексерудің нәтижесінде, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген флораның сегіз түрі табылды: жаушымылдық, көктемгі жанаргүл, ірі гүлді сайсағыз, ашылған прострел, иілген қызғалдақтар, саз қазанағы, ірі тамырлы сүттегін және людовиг құртқашашы (4.9.5 және 4.9.6 ЭӘБ Қосымшасын қар.). Жоба аумағының далалық зерттеулер үдерісі кезінде (2010ж. орындалған) бар кеніштің әсер ету алаңының қасында, саз қазанағының бар екендігі көрсетілген. Бұл түр, өзінің дәрежесіне сәйкес және Алтайдың ресейлік бөлігінде географиялық аймақтарында кең таралау себебінен «Аз қауіп шақыратын» түрлердің қатарына жатқызылады. Қазақстанда бұл түр сирек кездесетіндердің қатарына жатады, сол себепті, ол бар жерлерде, әсерді жұмсарту бойынша шаралардың қатарына осы түрді сақтау кіреді (бұзылудан), немесе шұрайлы-өсімдікті қабатты алмас бұрын ауыстыру. Түрлердің бірден бірі, жобаның әсер ету алаңының, биоалауантүрліліктің бастапқы параметрлер санатына жатпайды.</p>	Алдағы уақытта шараларды қажет етпейтіді
(iii) Эндемиялық немесе түрлердің географиялық тұрғыдан	МСОП қағидаларына сәйкес немесе құстарды қорғау Ассоциациясына сәйкес, таралудың шектелген аудандарына жататын етіп сыныпталған, түрлердің популяциясы немесе жаһандық аймақтың маңызды бөлігін	iii) Қызығушылық танытқан тараптардың кең шеңберімен немесе мемлекетпен анықталған	<p>Фондық зерттеулер нәтижесінде, Жобаның әсер ету аумағының аясында және жақын маңында эндемикалық және санында шектелген түрлер ұсынылмағандығы бекітілді.</p>	Алдағы уақытта шараларды қажет етпейтіді

<p>таралуының шектелуі бар түрлер үшін маңызды мәнгері аймақтар</p>	<p>сыйдыратын аудандар. Мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Нөлдік жойылу үшін Альянс тізімінде тұрған аумақ • таралудың шектемесі бар, түрлерге арналған, орнитологиялық негізгі аумақтар және халықаралық маңыздағы биоалуантүрліліктің негізгі аумағы. 	<p>биоәртүрліліктің маңызды параметрлері (биоәртүрліліктің негізгі аумақтары және маңызды орнитологиялық аумақтар сияқты);</p>		
<p>iv) Әлемдік маңызы бар көші қон ауыстыратын немесе топ түрлерін қолдайтын аймақтар</p>	<p>Түрлер популяциясының маңызды бөлігін қолдайтын аудандар, олардың аясында түрлер, кезеңік және болжалды түрде бір географиялық орналасудан басқасына ауысып отырады, (оның ішінде, сол бір экожүйенің айналасында) немесе, түрлердің үлкен популяциясын қолдайтын аудандар, олар кезеңдік немесе басқа тұрақты және/немесе болжалды негізде жиналады. Мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Топты түрлерге, арналған, орнитологиялық негізгі аумақтар және халықаралық маңыздағы биоалуантүрліліктің негізгі аумағы. • 5 қағида бойынша белгіленген немесе 6 Рамсар конвенциясы Халықаралық маңыздағы, су -сазды жерлер. 		<ul style="list-style-type: none"> • Қар.ii) көшіп қонатын, дала бүркіті бойында пікірлерді оқыңыз • Көшіп қонатын түрлердің жаһандық маңызды концентрациясын зерттеудің нәтижесінде мұндай түрлер табылған жоқ. 	<p>Алдағы уақытта шараларды қажет етпейтді</p>
<p>(v) негізгі эволюциялық</p>	<p>Анықталған эволюциялық үдерістермен байланысты немесе айрықша түр</p>		<p>Негізгі эволюциялық үдерістермен байланысты, жоба алаңын зерттеу нәтижесінде, табылған жоқ. Ұзақ</p>	<p>Алдағы уақытта шараларды</p>

<p>үдерістермен байланысты жерлер</p>	<p>популяциясымен байланысты болуы мүмкін ландшафт кескіндемесімен аудандар, олар өздерінің айрықша эволюциялық тарихтарына сәйкес қорғауда болуы мүмкін. Мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқшауланған көлдер немесе тау шыңдары • «Өмір шегінде» бағдарламасы бойынша бастапқылар тізіміне енгізілген, түрлердің популяциясы (Edge of Existence). 		<p>өндірістік игеру тарихы, Жобаның санитарлық -қорғау зонасының аясында негізгі эволюциялық үдеріс нышандары жоқ болуы тиіс деп болжайды.</p>	<p>қажет етпейтді</p>
<p>(vi) Сипатталған биоалуантүрлілік параметрлерін қолдауға арналған аса маңызды болып табылатын экологиялық функциялар (мекен етудің сыни аймақтардың параметрі ретінде)</p>	<p>Биоалуантүрліліктің сыни параметрлерін осы экологиялық функцияларсыз қолдауға келмейтін, экологиялық функциялар. Мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Биоалуантүрліліктің сыни параметрлері үшін маңызды жағалау зоналары және өзендері, жаға жерлерге орналастыру және көші қон, гидрогеологиялық тәртіптер және тамақ көздері, негізгі және мекенқұратын түрлер. 	<p>(iv) Биоәртүрліліктің бастамшы параметрлерінің өмір қабілетін қолдау үшін қажетті экологиялық құрылым және атқарымдар</p>	<p>Өмір үшін маңызды экологиялық функциялармен байланысты, жобаның алаң аумағын зерттеу нәтижесінде, еш нәрсе табылған жоқ. Ұзақ өндірістік игеру тарихы, Жобаның санитарлық - қорғау зонасының аясында осындай функцияның нышандары жоқ болуы тиіс деп болжайды.</p>	<p>Алдағы уақытта шараларды қажет етпейтді</p>

МАЗМҰНЫ

СУРЕТТЕР ТІЗІМІ	2
5 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЫҚПАЛ ЕТУ БАҒАСЫ	5.1
5.1 Кіріспе.....	5.1
5.2 Ауаның сапасын бағалау	5.1
5.2.1 Шаңдағы күшән	5.1
5.2.2 Шығарындылардың қайнар көзі.....	5.1
<i>Бар көздер.....</i>	<i>5.1</i>
5.2.3 Ауа сапасына ықтимал әсерлер.....	5.2
5.3 Жану көздері.....	5.4
5.3.1 Бақылау жүргізу әдістемесі	5.4
<i>Атмосфералық ауадағы шашыратуды үлгілеу.....</i>	<i>5.4</i>
5.3.2 Атмосфералық ауада ластанудың таралуын үлгілеу.....	5.6
<i>Шығарындылардың қайнар көзі.....</i>	<i>5.6</i>
Шекті рұқсат етілетін деңгейлер	5.7
<i>Шығарындылар факторлары.....</i>	<i>5.8</i>
5.3.3 Әсерді бағалау	5.9
5.4 Шу	5.11
5.4.1 Пайдалану кезеңі - Шудың әсер етуін бағалау	5.11
5.5 Су ресурстарына әсер етулерін бағалау	5.15
5.5.1 Бақылау жүргізу әдістемесі	5.16
<i>Гидрологиялық талдау</i>	<i>5.17</i>
5.5.2 Ықтимал рецепторлар	5.20
5.5.3 Ықтимал әсер ету	5.22
5.5.4 Әсер маңыздылығының қорытындылары.....	5.28
5.5.5 Қалдық әсерлер.....	5.30
5.6 Биоәртүрлілік.....	5.30

КЕСТЕЛЕР ТІЗІМІ

Кесте. 5.1: Әсер ету нысандарының сезімталдығын анықтау әдістемесі	5.6
кесте 5.2: Маңыздылықты анықтау әдістемесі	5.6
Кесте. 5.3: Түтін құбырларынан шығарындыларды модельдеу кезінде қолданылған параметрлері.....	5.6
Кесте. 5.4: Шекті рұқсат етілген шығарындылар	5.8
Кесте. 5.5: Шығарылулардың қарқындылығы.....	5.9
Кесте. 5.6: Атмосфераның жердегі қабатындағы 3В есептік шоғырлануы	5.10

Кесте 5.7: 2016 (бірінші кезең) күндізгі уақытта шудың әсер етуін бағалау, пайдалану кезеңі	5.11
Кесте 5.8: 2019 Пайдалану кезеңі - күндізгі уақыттағы шу әсерін бағалау	5.11
Кесте 5.9: 2027 Пайдалану кезеңі - күндізгі уақыттағы шу әсерін бағалау	5.12
Кесте 5.10: 2016 (бірінші кезең) Түнгі уақытта шудың әсер етуін бағалау, пайдалану кезеңі...	5.12
Кесте 5.11: 2019 Пайдалану кезеңі - түнгі уақытта шудың әсер етуін бағалау	5.13
Кесте 5.12: 2027 Пайдалану кезеңі - түнгі уақытта шудың әсер етуін бағалау	5.14
513: Су ресурстарына қатысты әсер ету ауқымы	5.17
514: Су ортасына қатысты рецепторлардың сезімталдығының мәні	5.19
515: Су ортасына әсер ету маңыздылығының қалыптамасы	5.20
Кесте 5.16: Беткі су ресурстарының рецепторларын анықтау үшін әсер ету маңыздылығының қалыптамасы	5.29
Кесте 5.17: Беткі су ресурстарының рецепторларын анықтау үшін әсер ету маңыздылығының қалыптамасы	5.29

СУРЕТТЕР ТІЗІМІ

Сур. 5-1: Ауа сапасын бағалау кезінде ескерілетін рецепторлар	5.5
--	------------

5 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЫҚПАЛ ЕТУ БАҒАСЫ

5.1 Кіріспе

Әсерді бағалаудың осы бөлімі ӘӘБ есебіне ауа сапасы (5.1), шуыл әсері (5.2) және су (5.3) секілді салаларда толықтыру болып табылады. Жобаның аумағында сыни тіршілік ортасы болмағандықтан, биоәртүрлік үшін әсерді бағалауды кейінгі талдау қажет емес. Әлеуметтік ортаға әсерді толық бағалау ӘӘБ есебінде ұсынылған.

5.2 Ауаның сапасын бағалау

5.2.1 Шаңдағы күшән

Деммен тартылатын өлшенген бөлшектер мен күшәнді қосқанда, шаңның ұйымдастырылмаған шығарындылары бойынша әсерді бағалау ESIA есебінің 5.6 бөлімінде егжей-тегжейді талқыланды. Осы бөлімде күшәннің бар және жобаланып отырған жұмыстармен байланысты шығарындыларын қосымша бағалау ұсынылған.

5.2.2 Шығарындылардың қайнар көзі

Төменде күшәннің кәсіпорын қызметімен байланысты шығарындыларының бар және жобаланып отырған қайнар көздері атап көрсетілген:

Бар көздер

Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорны 1956 жылдан бастап әрекет етуде, бұл ретте тау-кен жұмыстары осы уақытқа дейін үзілістермен жүргізілді. Кәсіпорын аумағындағы өткен жылдар тау-кен өндіру жұмыстарынан жыныс үйінділері мен карьерлер қатары сақиталып қалды, олардың кейбіреуінде күшәннің жоғары шоғырлануы бар.

Кәсіпорын аумағында күшәнмен ластанған жерлер орналасқан, олар жел эрозиясының әсерімен атмосфераға шаңмен бірге күшәннің шығарылуына әкелуі мүмкін. Осында қазіргі уақытта пайдаланудан шығарылған, күйдіруге арналған қондырғы айналасындағы учаскелер кіруі мүмкін. Сондай-ақ, өткен жылдар жұмысынан жылдар өткен сайын кеуіп қалған және нәтижесінде күшәннің үлкен шоғырлануы бар қалдық қоймасы қалды. Қалдық қоймасы жабылмаған және жел әсеріне шалдыққыш, бұл фондық мониторинг нәтижелері бойынша байқалатын күшәннің жоғары шоғырлануына әкелетін факторларының бірі болуы мүмкін (ӘӘБ бастапқы есебінің 4.4.5 тарауын қараңыз). Желмен бірге қалдықтар материалдарының таралуын болдырмау үшін өткен жылдар қалдықтарының құрамын анықтау бойынша қосымша зерттеулерді жүргізуден кейінгі орынды нұсқасы тығыздығы жоғары полиэтиленнен жасалған пленка немесе гетекстильді мембрана көмегімен уақытша тосқауыл жасау бойынша шараларды қабылдау болып табылады. Осындай қорғаныс қабықшасын құрғаннан кейін ескі қадық қоймасынан желмен бірге күшәннің таралуы шамамен болмашыға дейін төмендеуі тиіс.

Құрамында күшәні бар қалдықтар полигоны кәсіпорын аумағынан шығысқа қарай бұрын кендерді қайта өңдеу кезінде пайда болатын күшәнді қалдықтарды қаттау үшін қолданылған. Нысанда күшәнді кендер материалы саңылаусыз қапшықтарда сақталды. Полигон енді қолданылмайды және келешекте кәсіпорында қолданылмайтын болады. Ол қалыңдығы 0,5мм полимерлік геотекстильді және құмды-саздақты қоспа қабатын төсеу жолымен қалпына келтірілді, сондықтан күшәнді шаңның ұйымдастырылмаған шығарындыларының бар немесе келешек көзі ретінде қарастырылмайды.

Жобаланып отырған жұмыстармен байланысты көздер

Жобаланып отырған жұмыстар кенді дайындау кешенін пайдалануды қарастырады, онда кенді уақтау және оны уақтау және флотациялау үдерісінен өтетін байыту фабрикасына конвейермен тасымалдау жүзеге асырылатын болады. Кенді дайындау үдерісінде күшәнді шаңның ұйымдастырылмаған шығарындылары қалыптасатын болады, ал байытуға келетін болсақ, онда тек сулы үдерістер ғана қарастырылады, сондықтан күшәнді шаң шығарындылары шектелетін болады. Кендерді байыту жылумен өңдеуді қарастырмайды, сондықтан күшәнді булар шығарындыларына әкеле алмайды. Осылайша, кенді концентратқа дейін байыту кезінде шығарындылар болмашы болады деп күтілуде.

5.2.3 Ауа сапасына ықтимал әсерлер

Жергілікті метеорологиялық жағдайлар

Жергілікті ауа-райы жағдайы атмосфераға шығарындыларға және шаңның отыруына қалайша әсер ететіні жайлы ақпаратты алу үшін Шалабай¹к. метеорологиялық станциясынан желдің 1938-2013 жылдар ішіндегі (желдің осы өлшемдері 1986 бастап 2009 дейінгі кезең ішінде) желдің бағыты мен жылдамдығы туралы деректер сұратылды. Жел өлшемдерінің деректерін талдау ЭӘӘБ есебінің 5.6.4 тарауында ұсынылған және уақыттың 50%-нда желсіздік немесе желді аса төмен жылдамдығы (яғни, секунднына 1м немесе одан да кем) (ЭӘӘБ есебінің 4.2.4-кестесін қараңыз) жел жылдамдығының белгіленген мағыналарының үстем бөлігі (яғни 98%-ы) 10м/с төмен деп болжамдайды.

Шалабай метеорологиялық станциясының жел бағыты деректерін талдау негізінде Қызыл жобасының ық жағынан шаңға сезімтал рецепторларының болу кезеңдерінің есептік ұзақтығы 2609-4241 сағатты құрайды (ЭӘӘБ есебінің 5.6.7 және 5.6.8 кестесін қараңыз). Сонымен қатар, шаңға сезімтал рецепторлар (ЭӘӘБ есебінің 5.6.3 кестесін қараңыз) ең жақын жұмыс учаскелерінен 250 м артық қашықтықта орналасқан. Осылайша, жобалық есептерге сәйкес шаңның одан да ірі бөлшектері және орташа фракцияның шаң бөлшектерінің айтарлықтай бөлігі сезімтал рецепторға жетпей отырады.

¹ «Бакырчик тау-кен өндіру кәсіпорны», КЕНІШ ПЕН БАЙЫТУ ФАБРИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ, 34.01.06.001.00 P23, Санкт-Петербург, 2015ж.

Шаңның кейбір мөлшері желдің 5.5-6.0м/с жылдамдығы жағдайында көтеріледі, алайда шаңның айтарлықтай мөлшерін көтеру үшін одан да күшті жел қажет. ЭӘБ бастапқы есебінің 4.2 бөліміндегі жел өлшемдерінің деректері жыл ішінде орташа алғандағы желдердің шамамен 88%-ында 5м/с немесе одан да кем жылдамдығы болатынын көрсетеді. Осылайша, жел кеніштен рецепторларға үрлеген кездегі жұмыс сағаттарының саны аса көтерілген болып есептелуі мүмкін, өйткені есептерде жел жылдамдығының осы талдауда оқшаулауға болмайтын төмен мәндері ескеріледі.

Күрт континентальдық климат болғандықтан, бұл аймақтағы жауын-шашын мөлшері жоғары болып есептелмесе де, жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 335 мм құрайды. Осыған орташа температуралар 0°С төмен болатын, сондықтан жауын-шашын қар-мұзды өқиыршық немесе қар түрінде түсетін жылына шамамен 150 кү кіреді. Бұл жағдайлардың шаң таралу әлеуеті жоғары болмайды. Сонымен қатар, қар жамылғысы орныққан кезеңде де шаң шығарындылары дәл солай төмен болып есептеледі.

Бар қашықтықтар мен жергілікті ауа-райы жағдайларын назарға ала отырып, әсер ету ауқымы болмашы болып есептелді. Рецептордың орташа сезімталдығы мен әсер етудің болмашы ауқымын есепке алып, қорытынды әсер ету болмашы болатын сияқты, сондықтан күшәнді шаңның жергілікті тұрғындар денсаулығына әсері елеулі болмайды.

5.2.1-тарауда сипатталғандай, желмен бірге қалдық қоймадан шаңның таралуын болдырмау үшін тығыздылығы жоғары полиэтиленнен жасалған пленка немесе геотекстильді мембрана көмегімен уақытша кедергіні жасау бойынша іс-шаралар жоспарланып отыр. Осы шаралардың қажеттілігі қалдық қойма материалының құрамын анықтау және кеніштің алдыңғы операторынан мұра етіп қалған күшәнмен ластану тәуекелін бағалау бойынша қосымша зерттеулерді жүргізуден кейін анықталатын болады. Кәсіпорынмен ауа сапасы бойынша СҚА шегінен тыс, сондай-ақ қосымша шаралар қабылдау қажеттілігін анықтау үшін $EO 0.006\mu\text{g}/\text{m}^3$ (күшән үшін орташа жылдық мән) құрайтын нормативтік стандартына сәйкестілікті бағалау үшін күшәннің қосымша мониторингі жүргізілетін болады. Бұл ауадағы күшәннің $0.01 \text{ mg}/\text{m}^3$ шекті мөлшерін есепке алып жұмыс аймағындағы ауа сапасының мониторингі жолымен орындалатын болады.

Бастамашылардан мұра етіп қалған күшәнға байланысты мәселелерді назарға ала отырып, кәсіпорында несептегі күшәннің $50\text{mg}/\text{l}$ құрайтын шекті рұқсат берілген мөлшерінің халықаралық мойындалған мәнін есепке алып, несепте күшән шоғырлануының мониторингі үшін жүйелі медициналық куәландыру шеңберінде қызметкерлердің биомониторингі жүргізілетін болады (Өнеркәсіптік гигиена жөніндегі мемлекеттік мамандардың Америкалық конференциясы). Асыру анықталған жағдайда күшәннің (шаңдағы) адамға әсерін азайту бойынша қосымша шаралар әзірленіп, жүзеге асырылатын болады және қызметкерлердің медициналық мониторингі жүйелі негізде жалғасады. Полиметалл жергілікті тұрғындар денсаулығы жағдайының мониторингі үшін жергілікті медициналық қызметкерлермен диалогты қолдайтын болады. Қазіргі уақытқа дейін өткен жылдар ішіндегі тау-кен өндіру

қызметінің нәтижесінде кәсіпорын қызметкерлерінің немесе жергілікті тұрғындар денсаулығына қандай да бір қауіптің төнуі анықталған жоқ (жергілікті медициналық қызметкерлерді сұрастыру нәтижелеріне сәйкес).

5.3 Жану көздері

Осы тарауда жобаны пайдалану кезеңінде шығарындылардың нүктелі қайнар көзі үшін ауа сапасын толық бағалау келтірілген. Жобаның 1 кезеңіндегі барысында кент пен кен үшін екі жаңа қазандық салынады, ал Әуезов кентіндегі қолданыстағы қазандық жабылатын болады. Кентінің қазандығы және кеннің қазандағы үшін жалпы белгіленген құаттылығы тиісінше 7,5МВт (3 қазан (1 резервтік) әрқайсысы 2,5МВт құаттылығымен) және 12,5МВт (5 қазан (1 резервтік) әрқайсысы 2,5МВт құаттылығымен) құрайды.

Қазандар көмірмен жұмыс істейді және тұрғын аймақ пен кен-тау өңдеуші нысандарының жылыту қажеттілігін қамтамсыз етеді. Кеніштің қазандығында да құаттылығы 1,6МВт 1 дизель қазан орнатылады. Қазандардың отынды жағуы азот оксидтерінің (NO_x), күкірт оксидтерінің (SO_x), өлшенген қатты бөлшектердің жиынтық мөлшерінің (TSP немесе шаң) және көміртек монооксидінің (CO) жиынтық мөлшерінің шығарындыларына әкеледі.

Ауа сапасын бағалау кезінде шығарындылардың негізгі қайнар көздері есепке алынды:


- Кеннің қазандығы
 - Жылдың 206 күн пайдалану кезеңі бар әр қазанның көмір шығыны 635кг/с құрайтын 4 қолданыстағы қазан және 1 резервтік қазан
 - 1,6МВт құаттылығымен пайдаланылған майдағы 1 қазан жылда 145 күн пайдаланатын болады
- Әуезов аулының қазандығы
 - Жылдың 365 күн пайдалану кезеңі бар әр қазанның көмір шығыны 635кг/с құрайтын 2 қолданыстағы қазан және 1 резервтік.

5.3.1 Бақылау жүргізу әдістемесі

Атмосфералық ауадағы шашыратуды үлгілеу

Шығарындыларды осы қазандықтарды пайдаланумен байланысты бағалау атмосфералық ауада шашыратудың стационарлық үлгісін қолданып жүргізілді, AERMOD («Lakes Environmental model» версия 9.1). Бағалау «ең нашар сценарий» бойынша орындалды, сондықтан қазандықтар жыл бойы жұмыс істейді деген шарт қабылданды, ал маусымды өзгерістер, MM5 болжамалы үлгісі көмегімен дайындалған бақылаулар мен биіктіктегі алдын ала тексерулер ескерілген жоқ.

Үлгі өндірістен ластану үлесі болып табылатын есептік шоғырлануларды өндіреді. Өндірістен ластанудың бұл үлесі кейін қоршаған ортаның сезімтал рецепторлар мекендеуінің әлдеқашан анықталған бағаланған жерлеріне қоршаған ортадағы жалпы болжамдалатын шоғырлануды алу үшін атмосфералық ауаның фондық шоғырлануына қосылады (ESR) (яғни ESR 1-5) (5.1-сур.қара).



Сур. 5-1: Ауа сапасын бағалау кезінде ескерілетін рецепторлар

Деректер одан әрі толығырақ «Ауаның сапасын бағалау» 5.1-қосымшасында мазмұндалған.

Әсер ету маңыздылығы

Кез келген экологиялық әсер ету маңыздылығы шама мен сезімталдықтың өзара әрекеттесуі жолымен анықталады. Ауа сапасын бағалау үшін қолданылатын әсер ету маңыздылығы қалыптасуы бұл - ЭӘБ есебінің 5.1-тарауында анықталған (5.1.3-кест.) үндемеу бойынша орнатылған дәл сол қалыптама.

Рецепторлар сезімталдығын анықтау әдістемесі ЭӘБ есебінің 5.1.6-кест. ұсынылған, осы жағдайда дәл сол әдістеме қолданылды. Әсер ету маңыздылығын анықтау үшін ЭӘБ есебін жариялағаннан кейін жаңа ұсынымдар қол жетімді болды (5.1-кест.және кесте 5.2 қар),дәл солардың өзі қолданылды.

Кесте. 5.1: Әсер ету нысандарының сезімталдығын анықтау әдістемесі	
Сезімталдық деңгейі	Әдістеме
Болмашы	Нысан өзіне тән қасиеттерге залал келтірмей, өзгерістерді сіңіреді, төмен немесе жергілікті маңыздылығы бар, мысалы, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы қызметі, оған ауа сапасының өзгерістері әсер ете алмайды.
Орташа	Нысанның өзінің қасиеттеріне айтарлықтай залал келтірмей-ақ өзгерістерді сіңіру қабілеті бар немесе маңыздылығы жоғары. Мысалы, тұрғын үйлер мен елді мекендер.
Жоғары	Нысан өзінің қасиеттеріне айтарлықтай залал келтірмей, өзгерістерді аз сіңіру қабілеті бар немесе мемлекеттік маңызы бар. Мысалы, ауруханал, коммерциялық/өнеркәсіптік нысандар, оларға қызмет ету үшін таза ауа қажет; сондай-ақ ауа сапасының өзгеруіне және/немесе мекендеу ортасының тұр құрамы мен сапасына қатысты өлшенген бөлшектердің шөгуіне сезімтал өсімдік қажет.
Өте жоғары	Нысан ауа сапасының өзгеруіне анағұрлым жоғары сезімталдығымен сипатталады немесе халықаралық мағынасы бар. Мысалы, ауа сүзгіш агрегаттарды пайдалану үшін таза ауа қажет болатын сезімталдығы жоғары және жоғары технологиялық өндірістер; және халықаралық маңызы бар және ауа сапасының өзгеруіне және/немесе өлшенген бөлшектердің шөгуіне сезімтал спецификалық мекендеу орталары.

кесте 5.2: Маңыздылықты анықтау әдістемесі				
Бағалауды жүргізу жылы рецептор үшін ұзақ мерзімді орташа шоғырлану	Атмосфералық ауа сапасының шегіне жататын шоғырланудағы % өзгерістер (AQL)			
	1	2-5	6-10	>10
75%, болмаса AQL кем	Ескеркілмейтіндей аз	Ескеркілмейтіндей аз	Болмашы	Орташа
76-94% AQL	Ескеркілмейтіндей аз	Болмашы	Орташа	Орташа
95-102% AQL	Болмашы	Орташа	Орташа	Жоғары
103-109% AQL	Орташа	Орташа	Жоғары	Жоғары
110% AQL	Орташа	Жоғары	Жоғары	Жоғары

5.3.2 Атмосфералық ауада ластанудың таралуын үлгілеу

Шығарындылардың қайнар көзі

Кен/кент қазанындағы әр қазанның түтіндіктері бір түтін шығару құбырына қосылады. Үлгіде әр түтін құбырының өзі шығарындылар көзі болып табылады, модель салу үшін пайдаланған түтін құбырларының параметрлері төменде кест. ұсынылған . 5.3.

Кесте. 5.3: Түтін құбырларынан шығарындыларды модельдеу кезінде қолданылған параметрлері

Параметрі	Кеннің қазандығы	Қуаттылығы 1,6кВт дизель қазандығы	Кенттің қазандығы
Жиынтық белгіленген қуаттылық	12.5МВт	1.6МВт	7.5МВт
Қазандықтың жинақтауы	5 қазан (4 қолданыста, 1 резервтік)	1 қазан	3 қазан (2 қолданыста, 1 резервтік)
Түтін құбырларының саны	1	1	1
Құбырдың орналасқан жері	111142 5520396	111129, 5520430	107937, 5520237
Құбырдың диаметрі	1.0	0.3	0.8
Газ ағынның жылдамдығы (Ам ³ /с)	12.9	1.2.	8.3
Қайту газдарының температурасы (°С)	75	60	70
Газдың кету жылдамдығы (м/с)	16.47	16.47	16.47
Түтін құбырының биіктігі	31,8м	6м	31,8м

Шекті рұқсат етілетін деңгейлер

ЕЖДБ жобаларды қаржыландыру кезінде ЕО қабылданған ластанушы заттар шығарындыларының нормаларын ұстанады. ЕО өндірістік шығарындылар туралы директивасы өндірістік қондырғылардан ластанушы заттардың шығарындылардың нормаларын реттейтін ЕО негізгі құралдарының бірі болып табылады. Өнеркәсіптік шығарындылар жөніндегі директива 2010 жылғы 24 қарашада қабылданды. Директиваны қолдану жалпы жылыту қуаттылығы 50 МВт кем емес барлық жағу қондырғыларға таралады.

ЕО директивасының күші шағын және ірі қондырғыларға қолданылған кезде жағудың орташа қондырғыларынан шығатын шығарындыларға ОЭСВ есебін дайындау сәтінде ЕО деңгейінде нормативтік құжаттар әзірленбеген болатын. 2015 жылдың 10 қарашасында Еуропалық Кеңес жағудың орташа қондырғыларынан шығатын шығарындыларды шектеуге бағытталған Жағудың орташа қондырғылары туралы директиваны қабылдады.

Жағудың орташа қондырғылары туралы директива шығарындылардың адамның денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіруін қысқарту мақсатында SO₂, NO_x шығарындылары мен шаңның атмосфераға шығарылуын регламенттейді. Директива жалпы жылу қуаты тең немесе 1000 МВт және кемінде 50 000 МВт қондырғыларда жанармайды жағудан шығатын ластанушы заттектердің шығарындыларын реттейді.

Директивада көрсетілген шекті рұқсат етілген шығарындылар төменде 5.4-кест. көрсетілген.

Кесте. 5.4: Шекті рұқсат етілген шығарындылар

Параметрі	ЕҚ орташа жағудың қондырғылар туралы директивасы (мг/Нм ³) ²	ЕҚ өндірістік шығарындылар туралы директивасы (мг/Нм ³) ³	ХҚК шағын жағу қондырғыларынан (3000 МВт – 50000МВт) ⁴ шығарындылар бойынша ұсынымдары
Күкірттің қос тотығы	400	400	Көмірдегі күкірттің мөлшері, егер оның құны мақсатқа сәйкес болса, 0,5% аспауы тиіс.
Азот тотығы	300	300	Мәліметтер жоқ
Өлшенген қатты бөлшектердің жиынтық саны	20	30	96 ppm (электрэнергияны өндеу кезінде) 150 ppm (механикалық процесстер нәтижесінде)

Еуропалық Кеңес Директивада көзделген шекті рұқсат етілген шығарындылардың нормативтерін қабылдау бойынша келесі уақыттық шектерді орнатты:

- Бар ірі қондырғылар (5-50 МВт) үшін: 2025 жылдан;
- Бар шағын қондырғылар (1-5 МВт) үшін: 2030 жылдан;
- Болашақтағы қондырғылар үшін: нормалар күшіне енгеннен соң екі жылдық аудару (2018 жылдың 20 желтоқсанынан бастап және одан әрі).

Директива күшіне ену сәтінен бастап транспозицияның екі жылдық кезеңінен кейін жаңа қондырғыларға қолданылатын болады, сондықтан 2018 жылғы 20 желтоқсанға дейін салынған кез келген қондырғы Директиваның қолданылуынан босатылатын болады. Осылайша, қазандықтар 2018 жылғы 20 желтоқсанға дейін салынатын болса, оларға ХҚК орташа отын жағатын қондырғыларға арналған нормативтері қолданылатын болады. Егер қазандықтар осы күннен кейін орнатылатын болса, оларға қуаты орташа отын жағатын қондырғыларға арналған ЕО Директивасы қолданылады және әрбір жобаланып отырған қазандық 5МВт шегінен төмен болғандықтан, қазандықтардың ЕО нормативтеріне шығуы 2030 жылға қарай жүзеге асырылуы тиіс.

Шығарындылар факторлары

AERMOD моделін жасау үшін қолданылған шығарылулардың қарқындылығы бойынша деректер төменде 5.5-кест. көрсетілген. NO_x әсерін бағалау үшін NO₂ жалпы шығарындылары NO₂ бойынша ұсынылған жалпы коэффициент және NO үшін шартты NO₂ коэффициенті түріндегі жалпы шығарындылар есептелді. SO_x үшін ұқсас тәсілмен барлық шығарынды үлгіде SO₂

Еуропалық Парламенттің және ЕО Кеңесінің жағудың орташа қондырғыларынан шығатын белгілі бір ауаны ластаушы заттектердің шығарындыларын шектеу туралы 2015 жылғы 25 қарашадағы 2015/2193 директивасы (ЕО)³Өндірістік шығарындылар туралы Еуропалық Парламенттің және ЕО Кеңесінің 2010/75/ЕУ Директивасы ХҚК атмосфераға шығарылулар және атмосфералық ауа сапасы бойынша жалпы ұсынымдары

ретінде қарастырылды және кейін SO₂ ауа сапасының белгіленген нормативтік көрсеткіштерімен салыстырып тексерілді.

Кесте. 5.5: Шығарылулардың қарқындылығы						
Параметрі	Шығарылулардың коэффициенті					
	Кеннің қазандығы		Құаттылығы 1,6МВт дизель қазандығы		Кенттің қазандығы	
	мг/м ³	ж/тәу.	мг/м ³	ж/тәу.	мг/м ³	ж/тәу.
Өлшенген қатты бөлшектердің жиынтық саны	70.7	0.728	-	-	70.7	0.472
Күкірттің қос тотығы (SO ₂)	598.3	6.2	651.7	0.6	598.3	4.0
Азот қос тотығы (NO ₂)	140.3	1.4	274.2	0.26	140	0.94
Көміртек тотығы (CO)	379.0	3.9	2160.0	2.1.	379.0	2.5

5.3.3 Әсерді бағалау

Зерттеліп отырған аумақты үлгілеу нәтижелері **Ошибка! Источник ссылки не найден.** ұсынылған және максималды болжамданып отырған экологиялық шоғырланулар ұлттық шекті мәндермен, сондай-ақ барлық қазандықтың жыл бойғы жұмысы есебінен «ең нашар сценарий» бойынша халықаралық басқарушы қағидалармен белгіленген шектерден төмен болатынын көрсетеді (5.1-қосымшасын қар., онда рецептордың әрбір орналасқан жері үшін толық нәтижелер мазмұндалған).

Кесте. 5.6: Атмосфераның жердегі қабатындағы 3В есептік шоғырлануы						
Ластағыш зат	Орташалау кезеңі	ҚО сезімтал рецепторларына өндірістен ластаудың максималды шамаланған үлесі (µг/м³)	Фондық шоғырлану, (µг/м³)	ҚО болжамды шоғырлану (µг/м³)	Ауа сапасының шектері (AQL) (µг/м³)	
					ЕО/ХҚК шектері	Ұлттық шектер
Өлшенген қатты бөлшектердің жиынтық саны	1-сағат	14,5	-	-	-	300
	24-сағат	1,3	39,5	40,8	150/50	-
	Жылдық	0,08			70/40	-
Күкірт диоксиді (SO ₂)	1-сағат	122,9	-	-	-	-
	24-сағат	10,8	8,5	19,3	125	125
	Жылдық	0,9	-	-	-	-
Азот диоксиді (NO ₂)	1-сағат	28,9	-	-	200	-
	24-сағат	2,6	20,5	23,1	-	-
	Жылдық	0,3	-	-	40	40
Көміртек монооксиді (CO)	1-сағат	77,0	-	-	30 000	-
	24-сағат	12,9	-	-	10 000	-
	Жылдық	1,2	-	-	-	-

Нәтижелер қоршаған ортадағы болшамды шоғырланулар барлық ластағыш заттар үшін белгіленген шектерде орналасқанын көрсетеді және шығарындылары орташа секілді бағаланатын күкірт диоксинен басқа, қазандықтардың жиынтық шығарындыға үлесі болмашы болып табылады. Қуаты орташа отын жағатын қондырғылар бойынша директива күшіне ену сәтінен бастап транспозицияның екі жылдық кезеңінен кейін жаңа қондырғыларға қолданылатын болады, сондықтан 2018 жылғы 20 желтоқсанға дейін салынған кез келген қондырғы Директиваның қолданылуынан босатылатын болады. Осылайша, қазандықтар 2018 жылғы 20 желтоқсанға дейін салынатын болса, оларға ХҚК орташа отын жағатын қондырғыларға арналған нормативтері қолданылатын болады. Егер қазандықтар осы күннен кейін орнатылатын болса, оларға ЕО қуаты орташа отын жағатын қондырғыларға арналған директивалар қолданылатын болады. Шағын отын жағатын қондырғыларға арналған шығарындылар бойынша ХҚК ұйғарымдарына сәйкестілікті қамтамасыз ету үшін мынадай жұмсартушы шаралар ұсынылады:

- Күкірттігі төмен отынды қолдану (0.5%-дан кем) және/немесе шығатын газдарды күкіртсіздендіру қондырғысын қарастыру;
- Аса тиімді тозаңұстағыш жабдықты, мысалы аса тиімді циклондарды немесе электр санақтық сүзгілерді қолдану.

Сонымен қатар, 2030 жылға қарай қазандықтар ЕС Директивасымен қуаты орташа отын жағатын қондырғылар үшін ұйғарылатын нормативтерге шығуға тиіс болады.

5.4 Шу

Құрылыс және жобаны пайдалану кезеңдерінде шуды егжей-тегжейлі үлгілеу жүргізілді және ЭӘБ есебінің 5.7-бөлімінде ұсынылды. ЭӘБ есебін құрастырғаннан кейін шу бойынша қосымша зерттеулер жүргізілді және осы тарауда осы зерттеулер нәтижелері ретінде бар фондық шоғырлануларды есепке алып пайдалану кезеңіндегі шуды бағалау жөніндегі жаңартулар ұсынылған.

5.4.1 Пайдалану кезеңі - Шудың әсер етуін бағалау

Қарастырылып отырған қолда бар рецепторларға әлеуетті шу әсері қоршаған шудың ДДҰ басқарушы қағидаларымен белгіленген, күндізгі уақытта (07:00-23:00) және түнгі уақытта (23:00-07:00) асырылмауы тиіс шекті деңгейлері бар жобаны пайдалану кезеңінде шудың болжамды деңгейлерін салыстыру жолымен бағаланды. Ең жақын елді мекендегі шудың күндізгі уақыттағы пайдалану кезеңінің 2016 жылға (бірінші жыл), 2019 және 2027 жылдарға болжамды деңгейлері 5.7-кест., 5.8 кес. және сәйкесінше 5.9-кест. осы мәндермен салыстырылады.

Рецептор	Шудың фондық деңгейлері (дБ)	Учаскедегі шудың болжалды деңгейі, L_{Aeq} (дБ)	Шудың қалпына келтіру деңгейі, L_{Aeq} , дБ(A)	Күндізгі уақыттағы шу критерийлері, L_{Aeq} (дБ)	Айырмашылықтар
ESR 1 – Солнечный К.	41	40	43	55	-12
ESR 2 – СЗ Ауэзов к.	45	54	55	55	0
ESR 3 – СВ Әуэзов к.	46	51	52	55	-3
ESR 4 – Әуэзов к. шығыс бөлігі	46	52	53	55	-2
ESR 5 – СВ Әуэзов к.	46	52	53	55	-2

Рецептор	Шудың фондық деңгейлері (дБ)	Учаскедегі шудың болжалды деңгейі, L_{Aeq} (дБ)	Шудың қалпына келтіру деңгейі, L_{Aeq} , дБ(A)	Күндізгі уақыттағы шу критерийлері, L_{Aeq} (дБ)	Айырмашылықтар
ESR 1 – Солнечный К.	41	40	43	55	-12
ESR 2 – СЗ Ауэзов к.	45	49	51	55	-4
ESR 3 – СВ Әуэзов к.	46	48	50	55	-5
ESR 4 – Әуэзов к. шығыс бөлігі	46	47	50	55	-5

ESR 5 – СВ Әуэзов к.	46	49	51	55	-4
----------------------	----	----	----	----	----

Кесте 5.9: 2027 Пайдалану кезеңі - күндізгі уақыттағы шу әсерін бағалау

Рецептор	Шудың фондық деңгейлері (дБ)	Учаскедегі шудың болжалды деңгейі, L_{Aeq} (дБ)	Шудың қалпына келтіру деңгейі, L_{Aeq} , дБ(А)	Күндізгі уақыттағы шу критерийлері, L_{Aeq} (дБ)	Айырмашылықтар
ESR 1 – Солнечный К.	41	38	43	55	-12
ESR 2 – СЗ Ауэзов к.	45	43	47	55	-8
ESR 3 – СВ Әуэзов к.	46	46	49	55	-6
ESR 4 – Әуэзов к. шығыс бөлігі	46	45	49	55	-6
ESR 5 – СВ Әуэзов к.	46	48	50	55	-5

2016, 2019 және 2027 жж пайдалану кезеңінде күндізгі уақыттағы шу деңгейлері ДДҰ рецепторларды орналастырудың барлық орындары үшін ДДҰ белгіленген басқарушы қағидаларынан төмен болатынын көруге болады. Осы болжалдар «ең нашар» сценарийді білдіретінін және пайдалану кезеңінің көп бөлігінде сезімтал рецепторларға шудың әсері аз болатынын атап өткен жөн.

Болшамды шудың әсерін күндізгі уақытта Жобаны пайдалану кезеңінде шудың сәулеленуін көрсететін үлгілеу нәтижелері ЭӘӘБ 2016,2019 және сәйкесінше 2027жж.арналған есебінің 5.7.1, 5.7.2 және 5.7.3-сызбаларында көрсетілген. Контурлық графиктердің штрихтенбеген бөліктері учаскеде болжанған шу деңгейі L_{Aeq} 55 дБ кем болатын саланы білдіретінін атап өткен жөн (ДДҰ күндізгі уақыттағы шу деңгейлеріне сәйкес).

Әсер ету маңыздылығы - ЭӘӘБ есебінің 5.7.2-кест. мазмұндалған әсерді бағалау өлшемдеріне сәйкес рецептор сезімталдығымен салыстырғанда «**жоқтан**» бастап «**шағынға**» дейін.

Түнгі уақытта 2016, 2019 және 2027жж.пайдалану кезеңдерінде пайда болатын шу әсерінің деңгейлерін бағалау 5.10-кест., 5.11-кест. және 5.12-кест. сынылған.

Кесте 5.10: 2016 (бірінші кезең) Түнгі уақытта шудың әсер етуін бағалау, пайдалану кезеңі

Рецептор	Шудың фондық деңгейлері (дБ)	Учаскедегі шудың болжалды деңгейі, L_{Aeq} (дБ)	Шудың қалпына келтіру деңгейі, L_{Aeq} , дБ(А)	Түнгі уақыттағы шу критерийлері, L_{Aeq} (дБ)	Айырмашылықтар
ESR 1 – Солнечный	37	40	42	45	-3

К.					
ESR 2 – СЗ Ауэзов к.	38	54	54	45	9
ESR 3 – СВ Әуэзов к.	40	51	51	45	6
ESR 4 – Әуэзов к. шығыс бөлігі	40	52	52	45	7
ESR 5 – СВ Әуэзов к.	40	52	52	45	7

Кесте 5.11: 2019 Пайдалану кезеңі - түнгі уақытта шудың әсер етуін бағалау					
Рецептор	Шудың фондық деңгейлері (дБ)	Учаскедегі шудың болжалды деңгейі, L_{Aeq} (дБ)	Шудың қалпына келтіру деңгейі, L_{Aeq}, дБ(А)	Түнгі уақыттағы шу критерийлері, L_{Aeq} (дБ)	Айырмашылықтар
ESR 1 – Солнечный К.	37	40	42	45	-3
ESR 2 – СЗ Ауэзов к.	38	49	49	45	4
ESR 3 – СВ Әуэзов к.	40	48	49	45	4
ESR 4 – Әуэзов к. шығыс бөлігі	40	47	48	45	3
ESR 5 – СВ Әуэзов к.	40	49	50	45	5

Кесте 5.12: 2027 Пайдалану кезеңі - түнгі уақытта шудың әсер етуін бағалау					
Рецептор	Шудың фондық деңгейлері (дБ)	Учаскедегі шудың болжалды деңгейі, L_{Aeq} (дБ)	Шудың қалпына келтіру деңгейі, L_{Aeq}, дБ(А)	Түнгі уақыттағы шу критерийлері, L_{Aeq} (дБ)	Айырмашылықтар
ESR 1 – Солнечный К.	37	38	40	45	-5
ESR 2 – СЗ Ауэзов к.	38	43	44	45	-1
ESR 3 – СВ Әуэзов к.	40	46	47	45	2
ESR 4 – Әуэзов к. шығыс бөлігі	40	45	46	45	1
ESR 5 – СВ Әуэзов к.	40	48	49	45	4

2016 және 2019 жж пайдалану кезеңдерінде түнгі уақытта шу деңгейлері Әуэзов кентіндегі барлық рецепторға ДДҰ ұсынылған нормаларынан жоғары болатынын көруге болады. Алдын ала деректер бойынша, шекті рұқсат берілген асырулар Әуэзов кентінде 2027 жылы түнгі уақытта үш рецепторға бағытталатын болады. Солнечный кентінде орналасқан рецепторлар үшін шу деңгейі 2016, 2019 және 2027 жж. пайдалану кезеңдері кезінде ДДҰ ұсынылып отырғандардан төмен болады.

Шудың әсер ету үлгісінде желдің шудың қайнар көзінен барлық сезімтал рецепторларға бағыты тұспалданатынын атап өту қажет. Бақыршық кен орнынан оңтүстік-батысқа қарай шамамен 5 км орналасқан ⁵ Шалабай метеостанциясымен ұсынылған орташа жел тармақтарының деректері негізінде жылдың шамамен 50%-нда сезімтал рецепторлар тау-кен жұмыстарын жүргізу орындарынан желге қарсы орналасатыны анықталды. Осылайша, болжамдар «ең нашар сценарий» болып табылады және сезімтал рецепторларға шудың әсері төмен болады.

Қосымша есептеулер барлық жылға орташа метеорологиялық жағдайларды қарастырған кезде сезімтал рецепторларға шудың ықтимал әсерін сандық бағалау үшін жүргізілді. Нәтижелері бойынша рецепторлар орналасуының барлық жері үшін осы есепте ұсынылған әсерді 2-ден бастап 3 дБ(А) дейін төмендету болжамданып отыр.

ESR 1-ге ДДҰ ұсынылған нормаларымен 2016, 2019 және 2027жж пайдалану кезеңдерінен шу әсерлерінің болжамды деңгейлерін салыстыру кезінде (Солнечный к.), пайдалану кезеңінен шу әсерінің шамасы болжамшы болып табылады. ЭӘБ есебінің 5.3-кестесін пайдалана отырып, рецептордың сезімталдығымен салыстырған кезде осы әсердің маңызылығы жоқ.

⁵ «Бакырчик тау-кен өндіру кәсіпорны» ЖШС, Бакырчик алтын кен орны, АЛТЫН АЙНАЛЫМЫ ФАКБРИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ, 34.01.06.001.00 PZ3, Санкт-Петербург қ-сы, 2015 ж.

ESR нүктелерінде 2-ден бастап 5-ке дейінгі (Әуезов к.) ДДҰ ұсынымдарымен 2016, 2019 және 2027жж пайдалану кезеңдерінен шудың болжамды белгілі бір деңгейлерін салыстыру кезінде, пайдалану кезіндегі шу әсерінің шамасы Әуезов кентінде рецепторлардың орналасу орындарында орташадан үлкенге дейін бағаланады. Осы әсер маңыздылығы рецепторлардың сезімталдығымен салыстырған кезде осы әсердің маңыздылығы қысқа мерзім ішінде **маңызды**, ал ұзақ мерзім ішінде **бірқалыпты** болады. Шу әсерін төмендету үшін мынадай шаралар ұсынылады:

- Шу кедергісін, мысалы кәсіпорын мен Әуезов кенті арасындағы шекара бойымен жасыл жолақты немесе дыбысты қайтаратын қоршауды құру;
- Жұмыстардың бұрғылау секілді шу тудырушы жұмыс түрлерін мүмкіндігінше түнгі уақытта жүргізілмегендей етіп жоспарлау;
- Орнатылған шуға сезімтал нысандардың жанында жылына 8 аптаға дейінгі кезеңдерде 55дБ(A) LAeq дейінгі түнгі уақыт үшін шудың одан да қатаң уақытша шекті рұқсат берілген мәндерін қолдану;
- Әуезов к. ұсынылып отырған уақытша одан да қатаң шекті рұқсат берілген мәндерге сәйкестілігін тексеру үшін шу деңгейлерінің жүйелі мониторингі.

Бұл шаралар ағымдағы шу мониторингінің нәтижелері негізінде анықталатын болады.

5.5 Су ресурстарына әсер етулерін бағалау

Осы тарауда жобаны пайдалану кезеңдерінің уақытында су ортасына әсер ету себебі болуы ықтимал қызметке бағалау береді.

SRK (2015) орындалған жер асты суларын үлгілеу Ақбастаубұлақ бұлағы тамыз бен сәуір арасындағы кезең ішінде шағын беттік жағындағы аллювиальды су сақтағыш деңгейжиегінің есебінен негізгі қуатын алатын сияқты. Мониторинг осы сулар біршама тұщы екенін көрсетті. Одан да терең су сақтағыш деңгейжиек төменгі тас көмір кезеңінің жарылған байырғы жыныстарда жатыр. Байырғы жыныстар павлодар балшық қалыңдығының сүтірегімен шектелмеген жерде беттік жағындағы аллювиальды су сақтағыш деңгейжиегімен қатынасудың жоғары дәрежесі бар.

Жобаның бірінші кезеңі кезінде ашық тау-кен жұмыстары карьерді құрғату және артық суды Ақбастау бұлағына ағызып жіберуді қамтитын болады. Сондай-ақ, бос жыныс үйіндісін пайдалану үшін су жиналатын бассейндер мен арықтарды су ағыны бағытының Қызылту және Ақбастаубұлақ бұлақтарынан Холодный Ключ бұлағына өзгеруіне әкелетін түрлену қажет. Жыныс үйінділері құламаларынан ағын сулар тоған-тұндырмалары арқылы Ақбастаубұлақ бұлағын қосқанда, ең жақын су ағысына ағызып жіберілетін болады. 2018 жылдан кейін карьер сүтөкпесінен барлық су фабриканы айналымды сүмен жабдықтаудың орнын толтыру үшін қолданылатын болады.

Карьерден сутөкпе есебінен депрессиялық шұңқыр пайда болады. SRK жер асты суларын үлгілеу нәтижелеріне сәйкес шұңқыр карьерден оңтүстікке қарай шамамен 4 км-ге және батыс пен шығысқа қарай 2,8 км-ге тарайды. Осылайша, карьере жер асты сулары құйылуының айтарлықтай үлесі ең жақын су ағыстарының есебінен қалыптасатын болады (Ақбастау, Холодный Ключи және Безымянный). Үлгіге сәйкес Ақбастаубұлақ бұлағының су түбіндегі ағыны кенішті сәйкесінше пайдаланудың 5-ші және 10-шы жылдары 60 және 70%-ға қысқаруы мүмкін.

2-кезең барысында жер асты тәсілімен өндіру сутөкпесі бойынша кейінгі әрекеттерді қамтитын болады. Әлдеқашан қолда бар бос жыныс үйіндісін пайдалану үшін ағынды Қызылту және Ақбастаубұлақ бұлақтарынан Холодный Ключ бұлағына қайта бағыттау қажеттілігі қалады. 2-ші фазаның жер асты суларының шығысына әсерін үлгілеу осы кезеңде орындалған жоқ, бірақ 2-фаза басталғанша дейін орындалатын болады.

Жер асты суларының кеніш денесімен әрекеттесу нәтижесінде суды минералдау орын алатын болады. 2015ж. мынадай ластағыш заттардың судағы максималды рұқсат берілген шоғырлануларының асырылуы анықталды: күшән, кадмий, селен, марганец, жалпы темір, қорғасын және стронций.

Тау-кен жұмыстары кезеңінде су сақтағыш деңгейжиегінің айнасына жететін ластануы ықтимал сулар сутөкпе және депрессиялық шұңқыр жүйесімен кідірілетін болады. Осылайша, ластануы ықтимал жер асты сулары тау-кен жұмыстарына қарама қарсы жаққа емес, бағыт бойынша карьере ағатын болады.

Кенішті жойған жағдайда карьерден сутөкпе тоқтатылады және Ақбастаубұлақ бұлағына суларды ағызып жіберу тоқтатылады, нәтижесінде кенішті жапқаннан кейін бұлақтағы су шығысы айтарлықтай төмендейді. Бос жыныс үйіндісінің бүтіндігін қолдау үшін Қызылту және Ақбастаубұлақ бұлақтарынан Холодный Ключ бұлағына ағынды тұрақты өзгерту қажет болады. Ақбастаубұлақ бұлағындағы судың шығыны кенішті жіберу нүктесінде жер асты суларынан су түбіндегі ағын, Әуезов кентінің тазартқыш ғимараттарының су жіберуі және жыныс үйіндісінің оңтүстік құламасынан беттік ағын суларының шағын мөлшері есебінен қуат ала отырып, айтарлықтай төмен болып қала береді.

Кенішті жою жағдайында карьерден сутөкпесі тоқтатылады да, қолда бар ластағыш жер асты сулары циклдік табиғи гидравликалық градиенттер бойынша кеніш аумағынан бағытта қозғалу ықтималдығы пайда болады.

5.5.1 Бақылау жүргізу әдістемесі

Гидрологиялық талдау

Арна бұру арығы құлағынан (Холодный ключ бұлағы) және карьерлік суларды жіберу құлағынан (Ақбастау бұлағы) төмен қабылдаушы арықтарды бағалау жақын орналасқан су жинағыштар мен қайта бөлу жолымен зерттеліп отырған аумаққа ауыстырылған су жинау алаңдарында су шығынын өлшеу жиілігін талдаудан жүргізілді.

Холодный ключ бұлағында арна бұру арығынан төмен ағын жылдамдығы мен су деңгейлерін бағалау Чеза ашық арығында ағын мен арықтың зерттеліп отырған бейіндерінің арақатынасын қолдана отырып жүргізілді. Арық бейінін зерттеу бойынша деректер болмағандықтан карьерлік суларды жіберу сүтөкпесінен төмен Ақбастаубұлақ бұлағы үшін дәл сондай талдау жүргізу мүмкін емес.

Арнаны бұрып жібері Холодный ключ бұлағында судың ағынын 200 жылда бір рет болатын тасқындар кезінде су ағынын дерлік екі есе артыруы мүмкін, бірақ есептер бұл ағынның жағаларынан жергілікті шығуына және суды бұру арығы арнасын шайып кетуге ғана әкелетінін көрсетіп отыр.

Карьерлік суларды жіберу қар ерігеннен кейін көктемгі тасқындар кезінде Ақбастаубұлақ бұлағында бар ағынды құжаттандырылған бағалаудан бірқатар аз болады. Осылайша, судың деңгейлері мен жіберуден ағынмен төмен ағын жылдамдықтары Ақбастаубұлақ бұлағының өткізгіштік қабілетінен асуы екіталай және осылайша тасқындарға немесе эрозияға жағдай жасамайтын болады.

Арнаны бұру арығы құлағының және карьерлік суларды жіберу құлағының ағыны бойынша төмен қабылдаушы су ағыстарында ықтимал флора және факна сипаттамасы су флорасы мен фаунасын зерттеу және іріктелген сынамаларды талдау барысында жасалған бақылаулар жолымен алынды.

Әсер ету маңыздылығы

Кез келген экологиялық әсер ету маңыздылығы әсер ауқымы мен сезімталдықтың өзара әрекеттесуі жолымен анықталады. Осы сипаттамалар ЭӘБ есебінде қолданылатын дәл сол қалыптамалардан анықталды және осы тараудың 5.13, 5.14-кест. мен 5.15-кест. суреттелді

Кесте 5.13: Су ресурстарына қатысты әсер ету ауқымы	
Әсер ету ауқымы	Ұсынылатын өлшемдер
Ескеркілмейтіндей аз	Базалық ресурстардағы минималды табылатын өзгерістер. Өзгерістер не қысқа мерзімді сипатты болады немесе сирек мерзімділікпен болады, сондықтан тұра бақылау әлеуетті ықпалды басқару үшін

Кесте 5.13: Су ресурстарына қатысты әсер ету ауқымы	
Әсер ету ауқымы	Ұсынылатын өлшемдер
	талап етілмейді.
Төмен	Болмыстық жай-күйінде немесе базалық ресурстарда табылатын өзгерістер. Құрылыс және пайдалану кезеңінде негізін қалаушы сипаттамалардың немесе су ресурстарын қорғаудың стандартты жақсы тәжірибесі болмаған жағдайда болмыстық күштер сапасының тұрақты өзгерістері болады.
Орташа	Жеке экологиялық ресурстардың фондық жағдайының осы сипаттамалар немесе сапа құрылыс және пайдалану кезеңінде ішінара өзгертіндей етіп жағымсыз өзгеруі немесе жойылуы. Әсерді жоюдан кейінгі кезеңге дейін азайтудың тізбекті стратегиясы қажет.
Жоғары	Жеке ресурстардың фондық жағдайының осы сипаттамалар немесе сапа түбегейлі және қайтымсыз өзгертіндей етіп жағымсыз өзгеруі немесе толық жойылуы. Әсер ауқымын азайту мақсатымен алаңнан тыс өтеумен зардаптарды жұмсарту бойынша толық стратегия қажет.

Кесте 5.14: Су ортасына қатысты рецепторлардың сезімталдығының мәні		
Сезімталдығы (мағынасы)	Жалпы сипаттамасы	Гидрогелогиялық/гидрологиялық сипаттамасы
Болмашы	Маңыздылығы төмен рецепторлар; Мол; Жергілікті мағынасы немесе масштабы бар; Өзгерістерге төзімділігі; Жергілікті аумақта ығыстыруға арналған ықтимал.	<ul style="list-style-type: none"> • Сумен қамтуға, азық-түлікті өндіруге, табыс алуға) және тұрмыстық мақсатқа арналған жергілікті мағынасы бар су ағысы немесе су ағатын көкжиек; • Бірқалыпты тұрмыстық мағынасы бар су ағысы; • Төмен тұрмыстық мағынасы мен қарапайым қолжетімділігі бар су ағысы, мысалы, жолдың бойында орналасқан; • Сезімталдығы төмен су экожүйесінің учаскесі.
Орташа	Маңыздылығы төменнен бастап орташаға дейін; салыстырмалы мол; аймақтық мағынасы немесе масштабы бар; өзгерістерге айтарлықтай төзімді; ығыстырылуы ықтимал.	<ul style="list-style-type: none"> • Сумен қамтуға, азық-түлік өндіруге, табыс алуға немесе тұрмыстық мақсатқа арналған аймақтық маңызы бар су құйылуы (қалалар, ауылдар немесе көшпелі қауымдастықтар); • Аймақтық мағынасы бар су экожүйесі; • Сумен қамтуға, беткі сулардың қорегіне, азық-түлік өндіруге немесе тұрмыстық мақсатқа арналған су құю көкжиегінің аймақтық мағынасы; • Аймақтық мағынасы бар немесе сезімталдығы бірқалыпты су жүйесінің учаскесі.
Жоғары	Мағынасы орташадан жоғарыға дейін; салыстырмалы сирек; ұлттық мағынасы немесе масштабы бар; нәзік және өзгерістерге ұшырағыш; ығыстыру үшін ықтималдығы шектеулі.	<ul style="list-style-type: none"> • Ұлттық сумен қамту үшін, елдің ішінде азық-түлік өндіру үшін, ұлттық табыс аду немесе ұлттық тұрмыстық мақсатта пайдалану үшін арналған облыстағы ұлттық мағынасы бар ағын су; • Ұлттық мағынасы бар немесе сезімталдығы жоғары бір экожүйе; • Ұлттық сумен қамту үшін, беткі суларды қоректендіру үшін немесе азық-түлікті ұлттық өндіру үшін пайдаланылатын облыстағы ұлттық маңызы бар су ағызатын көкжиек.
Өте жоғары	Маңыздылығы өте жоғары; өте сирек; халықаралық мағынасы немесе масштабы бар; өте нәзік; өзгерістерге көп ұшырайды; ығыстыру үшін ықтималы өте шектеулі.	<ul style="list-style-type: none"> • Кез-келген су ағысы екі немесе одан артық елдер арасында шекара түзеді немесе олардың араларымен өтеді; • Су ағысы екі немесе одан артық елдер арасында немесе бір елдің ауқымында өтеді, бірақ ашық теңіз бен басқа елдің арасында қажетті арнаны қалыптастырады; • Халықаралық мағынасы бар, сезімталдығы жоғары су экожүйелері; • Осы суға тәуелді халықаралық мұрадағы учаске немесе осы суға тәуелденетін халықаралық мағынасы бар учаске.

Кесте 5.15: Су ортасына әсер ету маңыздылығының қалыптасуы				
Өзгеру шамасы	Сезімталдық			
	Өте жоғары	Жоғары	Орташа	Төмен
Жоғары	Жоғары	Жоғары	Бірқалыпты	Бірқалыпты
Бірқалыпты	Жоғары	Жоғары	Бірқалыпты	Төмен
Төмен	Бірқалыпты	Бірқалыпты	Төмен	Ескеркілмейтіндей аз
Болмашы	Төмен	Төмен	Ескеркілмейтіндей аз	Ескеркілмейтіндей аз

5.5.2 Ықтимал рецепторлар

Холодный ключ бұлағында бос жыныс үйіндісін айналып өту кезінде бұрып жіберу арнасы құлағынан төмен су ортасы әсер етуі мүмкін мынадай инфрақұрылым бар:

- Көзге көрінерлік құрылысы жоқ аяқ өткел болып табылатын арна бұру арығының сағасынан ағын бойынша төмен 2км өтпе. Жол жергілікті мақсаттағы болуы мүмкін.
- Холодный ключ бұлағының оң жағасындағы тұрғын үйлер мен егіндік алқаптардың шағын мөлшері арна бұру арығы құлағынан ағын бойынша төмен шамамен 3 км-де. Ең жақын үй бұлақтан 80 км-де орналасқан және ол тұрғын болуы ықтимал.
- Холодный ключ бұлағымен және Қызылсу өзенімен қосылысуы жанында арнаны бұру арығының сағасынан ағын бойынша төмен шамамен 4км суды өткізу құрылысы бар шағын өтпе.

Холодный ключ/Майранбұлақ бұлақтарының жоғарғы ағынын балықтың бес түрі (күміс мөңке балық, торта, кәдуілгі көкталма және өзен алабұғасы) өзен шаяндарының екі түрі (бокоплавтар және декаподтар) мекендейді, осы түрлердің біреуі де осы аумақ бойынша әмбебап болып табылмайды, ТҚХО қызыл тізімінде жоғалу қаупі төніп тұрған деп есептелмейді және жергілікті экономикада рөл ойнамайды.

Ақбастаубұлақ бұлағында карьерлік/шахталық суларды жіберу құлағынан төмен су ортасы әсер етуі мүмкін мынадай инфрақұрылым бар:

- Жіберу құлағынан шамамен 200 м орналасқан жолдың астындағы су өткізу құрылысы бар өтпе. Жол жергілікті мақсаттағы болуы мүмкін.
- Сулапды жіберу учаскесінен ағын бойынша төмен шамамен километрде Ақбастаубұлақ бұлағының сол жағасында өңделетін жерлердің 9 га. Ақбастаубұлақ бұлағынан шыққан су осы жерлерді суару үшін қолданылатыны белгісіз болып қалып отыр. Ақбастаубұлақ бұлағы ағынының ағымдағы орташа модулі 1 л/сек бастап 5 л/сек дейін құрайды (Геологиялық іздестірулер орталығымен орындалған гидрометеорологиялық есебінің 30-кест., 2014ж.) бұл алаңы 9га жер учаскесін суару үшін жеткіліксіз. Сонымен қатар, суландыру арықтары мен сорғылардың болмауы осы ауданда тәлімі егін шаруашылығы қолданылатынын көрсетеді. Өсіп-өнудің жазғы кезеңі уақытындағы топырақ ылғалдылығы жаңбырлар есебінен және ең кем дегенде көктемде түскен қардың еруі есебінен, сондай-вқ Ақбастаубұлақ бұлағы арнасының есебінен қолданылатын болады.

- Оң жағадағы зират жіберу нүктесінен шамамен 2,5 км төмен.
- Жіберу құлағынан төмен 4 км-де Ақбастаубұлақ бұлағы мен Қызылсу өзенінің қосылысуы орнының жанында екі су өткізу құрылысы бар өтпе. Екінші кезектегі маңызы бар жол.
- Ақбастаубұлақ бұлағы мен Қызылсу өзенінің қосылған аймағындағы екі су ағыны алқаптарымен сәйкес келетін батпақты жер, сол себептен оның негізгі су қайнаркөзін анықтау қиынға түседі.

Ақбастаубұлақ бұлағының жоғарғы ағынын балықтың бес түрі (мөңке балық, кәдуілгі көкталма, қара балық, теңге балық, голец) өзен шаяндарының бір түрі (бокоплавтар) мекендейді, осы түрлердің біреуіне де жоғалу қаупі төніп тұрған жоқ немесе төлтүр болып табылмайды.

Жоғарыда мазмұндалған су ағысын қарастырғаннан кейін рецепторлардың ЭӘӘБ есебінде мазмұндалған топтастырылуы бұрынғы болып қалады, яғни «Жоба аумағында орналасқан, солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай үлкен бөлік арқылы ағатын бұлақтар негізінен шағын». Ағын туралы деректерді жинау кездейсоқ сипатқа ие, бірақ бұлақтағы ағын тұрақты емес екені аталып отыр, тамыздан бастап наурызға дейін. Балықтар түрлерінің жергілікті молшылығы және Ақбастаубұлақ пен Холодный ключ бұлақтарының қысқа мерзімді сипаты бұлақтар **«төмен сезімталдыққа»** ие екенін білдіреді.

Өңделетін жерлердің Ақбастаубұлақ бұлағының бойымен орналасуы осы жерлер әлеуетті рецептор болып табылатынын болжамдайды. Алайда, су алуға арналған құрылғылардың болмауын және жазғы уақытта суағардың шағын көлемін, сондай-ақ арнаның шағын көлемдерін (тереңдігі 0,5 м кем және ені 1,2 м дейін) есепке ала отырып, Ақбастаубұлақ бұлағының сулары ауыл шаруашылық мақсаттарда қолданылуы екіталай.

Полиметалл 2016ж. тамызда жергілікті балықшылар арасында сауалнама жүргізді, жалпы алғанда Әуезов кентінің тұрғындары болып табылатын 6 балықшы пікірі сұралды. Пікірі сұралған балықшылардың алтауы да өздерінің Ақбастаубұлақ бұлағында балық ауламайтынын растады. Осыны негізге ала отырып, кеніштен төмен қарай Ақбастаубұлақ бұлағында балық аулау жүргізілмейді деп болжамдауға болады.

Ақбастаубұлақ бұлағы сағасының ауданындағы балшықты жердің жағдайы осы балшықты жердің аумағы Қызылсу өзені алқабымен сәйкес келетіндіктен, Ақбастаубұлақ бұлағы суағарына қаншалықты тәуелді екені белгісіз. Қызыл су ағыны тәртібі қаншалықты қарқынды және тыңғылықты болса, балшықты жердің қоректенуі Ақбастаубұлақ бұлағының есебінен емес, өзен есебінен жүретіні соншалықты ықтимал.

Осылайша, Ақбастаубұлақ бұлағы бойымен өңделетін жерлердің болуы әлеуетті рецепторлардың болуын тұспалдайтынына қарамастан, осы бұлақ ағыны көлемінен тәуелділіктің болмауы осы рецепторлар сезімталдығының болмашы деңгейін нұсқайды.

5.5.3 Ықтимал әсер ету

Су ресурстарына ықтимал әсер етуді келесі бағалау төрт тарауға бөлінеді де, Жобаның үш кезеңі үшін су ресурстарына әсер етуді бағалаудың бастапқы құжатының 5.9.4-тарауында ұсынылған бағалауға толықтыруды немесе өзгертуді қамтиды.

1. Беткі сулардың мөлшері;
2. Беткі сулардың сапасы.
3. Жерасты суларының мөлшері;
4. Жерасты суларының сапасы.

1 Беткі сулар мөлшері - Құрылыс кезеңі

ЭЭӘБ бастапқы құжатына толықтырулар жоқ.

1 Беткі сулар мөлшері - Пайдалану кезеңі

Бос жыныс үйіндісін айналып өтетін арнаны бұру арығы - Ақбастаубұлақ бұлағы су жіберуден ағын бойынша төмен

Ақбастау бұлақ және Қызыл ту бұлақтарының ағындарын Холодный ключ бұлағына, сондай - ақ карьерден сутөкпесін қайта бағыттау нәтижесінде Ақбастау бұлақтың бас жыныстар қайырмасының ағысымен төмен төмендетіледі. Арна бұру арығының су жіберу және Ақбастаубұлақ бұлағының Қызылсу өзеніне құйылысының арасындағы су ағысындағы ағын азаюы әсер етуі мүмкін беткі суларды алу жоқ. Ағынның азаюы (ағын бойынша жоғары орналасқан су жинағыштан жаңбыр суларын кетіру және депрессиялық шұңқырдың пайда болуы есебінен жер асты суларының төмендеуі есебінен) бұлақ рецепторлары, оның су флорасы мен фаунасы үшін **жоғары шамасының** өзгеруіне әкелуі ықтимал. Төл флора мен фауна болмағандықтан және сезімтал инфрақұрылым суағар шегінен тыс орналасқандықтан рецептордың **сезімталдығы төмен**. Осылайша, әсер ету **орташа маңызды** болады.

Орташа шаманың су флорасы мен фаунасына әсер ету ықтималдығы аудан аумағында арнаны бұру арығының ағыны мен басқа су ағысы бойымен жоғары қазғалмайтын учаскеде түрлер болуының жалғасуы есебінен қамтамасыз етіледі.

